Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні - парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚЫРКҮЙЕК 5 СЕНТЯБРЬ

ҚАЗАН 2013 ОКТЯБРЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Сергазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында

Нұрымкүл ЖЕТПІСОВА, Жанар ӘДІЛБЕКОВА. 12 жылдық білім беруге өту кезеңінде оқулықтар мазмұнын жаңарту мәселесі.....3

Ақылбек ШАЯХМЕТ. Баспасөзде журналистік шеберліктің қалыптасуы.....13

Педагог пайымы

Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ. Тұрмыс-салт жырлары – қайнар бұлақ.....27

Айнагүл КҮЗЕНОВА. Жастар тәрбиесіндегі ана тілінің рөлі.....41

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ. Қадыр Мырза Әлидің «Күлтегін» жыры.....45

Ләззат ШАХИНА. Сәкен – азамат ақын, жазушы, қоғам қайраткері.....51

Сандуғаш ОРАЗОВА. Тәрбие негізі – өнеге.....58

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Нұрхан ТОҚБУРАЕВА. Талапкердің білім деңгейін анықтау.....62

Құрмангүл БАЯХМЕТОВА. Синоним.....68

Тәрбие сағаты – жан азығы

Гүлжан ПӘШЕНҚЫЗЫ. «Тілім менің – тұғырым».....74

Құралай УАҚИТҚЫЗЫ. Мемлекеттік тіл – менің тілім.....78

Мерейтой – 70

Сәуле ДАУТОВА. Ұлтым деп соққан жүрегі.....87

Ұстаз ұсынысы

Амантай ХАМЗАҰЛЫ. Кәсіби оқытуда техникалық білімді, білікті маман даярлау.....94

Мінез-құлық мінбесі

Жазира БЕЙСЕМБАЕВА. Жақсы мінез-құлық – адамның көркі.....105

Колледж кеңістігінде

Гүлзира ТҮГЕРБАЕВА. Абайдың ақындық әлемі.....111

Балғындар базарында

Кенжегүл ИМАНБАЙ. Көңілді саяхат.....117

Тілдік қарым-қатынас қырлары

Лайла САЛЖАНОВА. Сөзжасам жүйесіндегі тіл аралық құбылыс мәселесі.....121

Авторлық бағдарлама

Индира БЕКЕНОВА. «Жеті қазына» таңдаулы курсы.....129

В мире педагогики

Бибинур КИСИКОВА. Дискуссия как форма диалога.....135

Нұрымкүл ЖЕТПІСОВА,
«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының
зертхана меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.
Жанар ӘДІЛБЕКОВА,
гуманитарлық ғылымдарының
магистрі, сарапшы.

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ӨТУ КЕЗЕҢІНДЕ ОҚУЛЫҚТАР МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ МӘСЕЛЕСІ

12 жылдық оқытуға көшудегі маңызды міндеттердің бірі – оқыту үдерісін жаңа сапа мен жаңа форматты оқулықпен қамтамасыз ету.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, авторлар, баспалар, педагогикалық жұртшылық тарапынан оқу әдебиеттерін басып шығаруды жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар атқарылды: мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарын басып шығаратын ірі отандық баспалар жанынан авторлар ұжымы құрылды.

Барлық оқу әдебиеті «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығында алдын ала сараптаудан өткізіледі, содан кейін Республикалық комиссия оқулықты оқыту үдерісінде қолдану бойынша «ұсынылды» немесе «ұсынылмады» деген қорытынды шешім шығарады.

Сараптаманың нәтижесі ретінде ҚР Білім және ғылым министрлігімен әрбір оқу жылында бекітілетін жалпы білім беретін мектептердің оқыту үдерісінде қолдануына арналған оқу әдебиеттерінің Тізбесі болып табылады.

Мысалы, 2013-2014 оқу жылының Тізбесіне ағымдағы жылда сараптамаға түскен оқулықтардың **1109**-ынан **1012** оқу әдебиеттерінің аталымы енгізілді.

Оқытудың 12 жылдық моделіне өту әлемдік үрдістерге сәйкес оқулықтарды әзірлеуді және білімдік даярлық сапасын арттыруды көздейді.

Функционалды тұрғыға сүйене отырып, оқу кітабының дәстүрлі және инновациялық екі болжалды типологиялық моделін бөліп көрсетуге болады.

Оқу кітабының дәстүрлі моделі оқыту қызметін атқарады. Мұндай басылымның құрылымын желілік ұстанымы анықтайды. Оқу материалдарын баяндауда жүйелілік ұстанымы жүзеге асырылады.

Оқу басылымының инновациялық моделі көп қызметті болып сипатталады, яғни бірнеше қызметті атқарады. Оқыту қызметін жүзеге асырудан бөлек мұндай басылым тәжірибеге бағытталған тиісті құзыретті игеруді қамтамасыз етуші материалдарды да қосады. Сонымен бірге онда білімді игеруді бақылауға арналған шығарма-шылық өздік тапсырмалар мен материалдар беріледі. Бұл құрылымдық элементтер басылымның функциялық табиғатын қиындатады. Дәстүрлі

модельмен салыстырғанда, инновациялық модель желілік емес құрылымдық-модульдік ұстанымға негізделген.

Қазіргі қазақстандық жалпы білім беру мектептерінің оқу жүйесінде оқу кітаптарының бірнеше түрлері: 11 жылдыққа арналған дәстүрлі оқулықтар, 12 жылдық эксперименттік мектепке арналған сынамалы оқулықтар, шет тілдері бойынша шетел баспаларының оқулықтары (көбінесе, шет тілдері пәндерінен) және балама оқулықтар қолданылады.

Отандық және шетел оқулықтарының салыстырмалы талдауы біздің оқулықтардың заманауи білімдік технологиялар мен парадигмаларға аз бағытталғандығын көрсетті.

Қазіргі оқулықты қарастыра отырып, оның кіріспе бөлімінде шығармашылық қабілеттерді дамытатындығын, жеке тұлғаға бағдарланғандығын көруімізге болады.

Тұлғалық тұрғы шеңберінде жазылған оқулықты дәстүрлі білімдік межеге сүйене отырып жасалған оқулықтан қалайша ажырата аламыз? Ең алдымен, оқу материалын ұйымдастыру мен іріктеу ұстанымдарын, әдістемелік аппараттың құрылуын психологиялық ұстанымдар бойынша анықтаймыз. Іс-тәжірибелік шаралардың едәуір бөлігі коммуникативті дамытатын, тиісті қызметтерін атқаратын және оқушылардың қызығушылығын оятатындай болуы керек.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыру – оқушыны өмір жағдаяттарында қолдана білуге үйрету,

дайындау деп білеміз. Осы дайындық Германиялық 4-сыныпқа арналған математика оқулығында көрнекі түрде көрсетілген, мысалы, «Аудан мен периметрді өлшеу» тақырыбы. Тақырып көптеген көрнекіліктер көмегімен – түс пен шрифті өзгерту, тапсырма-жаттығуларды түрлендіру: баланың бөлмесін өлшеп жөндеу, теннис ракеткасының көлемін анықтау, кір жуатын машинадағы судың шығынын есептеу секілді т.б. күнделікті өмірдегі міндеттерді шешу арқылы ашылған.

Салыстырып көру үшін біз дәл сол тақырыпты 11 жылдық мектептің 4-сыныбына арналған отандық математика оқулығында қарастырдық: көрнекіліктер жоқтың қасы, A, B, C, D латын әріптерімен белгіленген фигуралардың ауданы мен периметрі өлшенеді, шешімін табу үшін тапсырмалар берілген.

Жоғары сыныптарға арналған кейбір шетелдік және отандық биология, химия, математика оқулықтарының бөлек тақырыптары мен форматтарын салыстырдық. Басты айырмашылық – негізгі және қосымша материалды презентациялау, дизайн, жаттығулар мен тапсырмалар кешені, электрондық қосымшаның болуында.

Әрине, оқыту үдерісінің басты құралы ретінде дәстүрлі оқулықтар өзінің қызметтері мен міндеттерін едәуір мол немесе азырақ көлемде орындайды. Сонымен бірге оқулықтарда оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне аз көңіл бөлінеді, қызығушылық тудырмайтын, оқу сауаттылығын лайықты көлемде дамыта алмайтын үлкен мәтіндік

аппарат берілген, материалды берудегі жүйелілік пен реттілік, электрондық қосымшалар жоқ, көрнекілік қатарының аздығы және, тіпті, жоқтығы да айқын көрінеді.

Мысалы, «Қазақ тілі» оқулықтарының бірінде жалпы беттер саны – 271, олардың 20 бетінде ғана иллюстрациялары бар; «Русская речь» оқулығының 354 бетінде бірде-бір көрнекілік болмағандығын айта кетуіміз керек.

Тапсырмалар мен жаттығулар мазмұны, негізінен, оқушылар қызметінің репродуктивті сипатын көздейді.

Коммуникативті икем-дағдыларды, «жанды» диалогтық және монологтық сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар және т.б. саны өте аз.

Егер тапсырмалардың едәуір көп бөлігі «көшіріңіз, жазып алыңыз, табыңыз, астын сызыңыз, орындаңыз, жауап беріңіз, оқыңыз, оқып сұрақтарға жауап беріңіз» секілді талаптарды қамтитын болса, онда оқулық репродуктивті, оқушылардың қысқа және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеттерін ғана дамытуға бағытталған.

Мұндай оқулықтың мазмұнына сөзжұмбақтар мен ребусты, қызықты тапсырмаларды қосқанның өзінде де дамытушылық қасиеттері жоғары болмайды.

Функционалды сауаттылық, дербестік, қабілеттерді, идеялық және моральдық құндылықтарды, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру мен дамытуға *бағытталған* оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жасауға

ұйытқы болады, оқушылардың толыққанды дамуына, олардың оқу қызметін ұйымдастырудағы өзгеріске, көптілді оқыту стратегиясын жүзеге асыруды *қамтамасыз етуге бағытталады.*

2015-2016 оқу жылында 12 жылдық білім беруге көшуде 12 жылдық мектептің 1, 5, 11-сыныптарын жаңа оқулықтармен қамтамасыз ету керек.

11 жылдық мектептің 1-сыныбына арналған оқулықтар 2012-2013 оқу жылына арнап шығарылғандықтан, қайта шығарылмайды.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару кестесіне сәйкес 12 жылдық мектепті енгізудің алғашқы 3 жылында оқулықтар 11 жылдық әрі 12 жылдық мектеп үшін де шығарылып тұрады.

11 жылдық мектептің Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес 1-сыныпта – 12 пән, ал 12 жылдық мектеп үшін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жобасына сәйкес 11 пән оқытылады.

«Дүниетану» пәнінің орынына «Қоршаған орта» пәні енгізілді; «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндері «Көркем еңбек» пәніне біріктірілді, «Денешынықтыру» пәнінің мазмұны кеңейтілді, 12 жылдық мектепте ол пән «Денешынықтыру және денсаулық» деп аталады.

5-сыныпта пәндер саны өзгермейді, бірақ «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері оқыту тілі қазақ тілді емес сыныптарда қазақ тілінде өткізіледі.

Жоғарыда айтылғандарға орай, 1-сыныпқа арналған 2 оқулық, 5-сыныпқа арналған 3 оқулық, яғни, мүлдем жаңа оқулықтарды дайындау керек.

Бұл оқулықтар 12 жылдық мектеп стандарттарының негізінде әзірленген жаңа дидактикалық талаптарға сәйкес болуы керек.

Талаптарда жаңа типті оқулықтарға тән жалпы құрылымдық элементтер көрініс тапқан, оларға сәйкес оқулықта:

1. Белгіленген формат болуы;

2. Міндетті оқуға арналған теориялық материалдың азайтылған көлемін құрауы;

3. Жеке тұлғаға бағдарлы болуы (күрделілік деңгейлері);

4. Оқушылардың өздік практикалық қызметін ұйымдастыруға қосымша оқу уақытын ұсынуы (оқулықтың ерекше құрылымы);

5. Әрбір сабақта оқушылардың танымдық-практикалық қызметін ұйымдастыру нұсқаларын құрауы (эксперименталды тапсырмалар);

6. Сабақты өткізу әдістемесі мен оқыту мазмұны жобаларының болуы;

7. Әрбір тақырыпты оқуда өздік бақылауға арналған материалдармен қамтамасыз етілуі;

8. Түрлі-түсті көрнекіліктер мен фотосуреттермен рәсімделуі керек.

«Оқулық» орталығымен жаңа оқулықтарды дайындау, әзірлеу және басып шығарудың көлемді жұмысын орындауға 12 жылдық мектепке арналған

оқу әдебиеттері авторларының әлеуетті Дерекқорын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Дерекқорға 12 баспадан – 146 автор, білім беру ұйымдарынан – 289 автор, 19 ЖОО-дан – 250 автор кіргізу көзделеді.

Сараптаманы өткізу үшін ЖОО-ның, Техникалық және кәсіптік білім беру мен орта білім берудің білікті мамандарынан сарапшылар базасы толық жасалды.

12 жылдық мектепке арналған оқулықтарды жасаудағы өзге елеулі мәселелердің бірі – білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы.

Білім берудің барлық деңгейлері өзгерістер мен жаңалықтарға ұшырайды: балалар мектепке 6 жастан барады (мектепке дейінгі бағдарламалар мен бастауыш оқыту бағдарламаларындағы өзгерістер); колледждерге қабылдау 10-сыныптан кейін жүзеге асырылады; мектептің жоғарғы баспалдағы түлектердің ЖОО-ға дейінгі бейіндік бойынша дайындығын жүзеге асыратын болады.

«Бейіндік мектеп» бейіндік бойынша оқыту бағдарламасы лицей, гимназия, бейіндік мектептерде жүзеге асады.

Оқыту жағдайлары ЖОО-ға жуық болады деп көзделеді: әдеттегі бағалардың орынына кредиттік технология; мектеп мұғалімдерінен өзге ЖОО-дан оқытушылар; білім алудан өзге мамандық, бейіндену жүзеге асады.

Бұл тұста сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымын басшылыққа алуымыз қажет. Сабақтастық ұғымында әр түрлі кезеңдер немесе оқыту формалары шегіндегі

үздіксіздік ұғынылады (балабақша – мектеп, мектеп – колледж, мектеп – ЖОО, колледж – ЖОО, ЖОО – дипломнан кейінгі оқу және т.б.), яғни, білім беру жүйесінің тұтастығы шеңберінде бұл кезеңдер мен формаларды бірыңғай ұйымдастыру.

Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық оқыту мен тәрбиелеу мазмұны, оқу-тәрбиелеу жұмысының әдістері, тәсілдері, ұйымдастыру формалары бойынша да орындалады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде мектепке дейінгі және бастауыш буын арасындағы сабақтастықты сақтағанда, басты назар баланың жалпы ой, дене, көркемдік дамуына бөлінетін болады.

Бұл негізгі мақсаттың шеңберінде мектепте оқытылатын негізгі пәндер мазмұнына мектепке дейінгі оқушыларды дайындаудағы кері «шала дайындықсыз» жүзеге асады.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығымен әзірленген мазмұн деңгейіндегі сабақтастық мектепке дейінгі даярлықтың негізделген бағдарламалар таңдауымен қамтамасыз етіледі:

– «Бәріміз – бірге». Бірлескен сөйлеу әрекеті негізінде балалар мен ересектердің мемлекеттік тілді оқуы; - «Балбөбек», - «Алғашқы қадам» (1 жастан 3 жасқа дейін), «Зерек бала» (3 жастан 5 жасқа дейін); «Ойна және ойлан»; «Ынтымақтастық»; «Біз мектепке барамыз», «Қарлығаш» және т.б.

Бұл бағдарламаларға сәйкес 2013 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігіне мектепке дейінгі сектор авторларынан 200-ден астам оқулықтар мен

оқу құралдары сараптамаға түсті, сараптамалық комиссияның оң шешімі алынғанда, оқу әдебиеттері Тізбесіне қосылады да, балалардың мектепке жүйелі дайындығын ұйымдастыруға өз үлесін қосып, баланың оқыту үдерісіне біртіндеп енуіне септеседі, оның мектепке дейінгі даму кезеңін толыққанды өткізуіне, баланың ойнау құқығына, айналасындағылармен өзара әрекеттесуге, танымдық тілдесуіне де ықпал етеді.

Мектепке дейінгі және жалпы бастауыш білім беру бағдарламалары мазмұнында сабақтастық желілерінің түзілуі келесі негіздемелерге сәйкес өткізілді:

- бастауыш мектеп оқушысының танымдық қабілеттерін дамыту негіздері ретінде мектепке дейінгі жастағы баланың бойында білуге деген құмарлықтың дамытылуы;
- баланың зияткерлік және жеке тұлғалық даму бағыты ретінде шығармашылық қиялдың қалыптастырылуы;
- оқу қызметінің қажетті шарттарының бірі ретінде үлкендер мен құрбы-құрдастарымен тілдесу шеберлігі, яғни, коммуникативтілікті дамыту.

Қазіргі және әлеуетті оқулықтар авторларына жүгіне отырып, оқулықтарды жасауда олардың дидактикалық және әдістемелік талаптардан өзге білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігінің аса маңызды ұстанымдарына да сүйенгенін қалаймыз.

Ақылбек ШАЯХМЕТ,
ҚМУ профессоры, жазушы.

БАСПАСӨЗДЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мен тұңғыш ұлттық мерзімді басылымдар: «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің жарыққа шығуының 100 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Айқапта» жарияланған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» мақаласы халықтың көзін ашқан, бұқаралық ойға сәуле сепкен туынды. «Айқап» журналы қазақ халқының көзінің қарашығы атанса, «Қазақстан» газеті ел жанарының ағы бола білгені ақиқат. Қазақ баспасөзінің демократиялық құндылықтарын ұстану жолында халқының құлағы һәм көзі бола білген «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарындағы дәстүрлер жалғастығына үлгі болары сөзсіз», – десе, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев: «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті қазақ тағдыры мен тарихында қалдырған ізінің маңызын аңғару үшін екі мәселені терең түсінуіміз қажет. Олар – ұлтшылдық пен ағартушылық. Осы екі мәселені жетік түсінбей қазақ тарихын тану қиын. Осы ретте қазақ зиялыларының бұл басылымдарды жарыққа шығаруы – ағартушылық жұмыстардың жеңілдеп, елдің санасын оятып, ұлт-

азаттық идеологияның қалыптасуына үлкен үлес қосқанын ерекше атап өтеміз. Бұл қос басылым аз ғұмырда халықты ұлт-азаттық көтеріліске тұрғыза білді десек, артық айтқандық емес», – деген еді.

«Айқап» журналы да, «Қазақстан» газеті де ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қойған жоқ, сөз өнерін одан әрі биікке көтерді, ауызша сөз бен жаңа, жазбаша әдебиет пен журналистиканың стилін қалыптастырды, биік белестерге жетеледі. Шешен сөз бен көсем сөздің кірігуіне қоса, кей тұстарда ара жігін ажыратып, оқырман көңіліне жол таба білді.

«Қазақстан» – ерте кезеңдегі газеттермен салыстырғанда, идеялық бағыты, материалдарының көкейтестілігі жағынан мүлде ерекше газет. Өйткені ол белгілі бір режимнің ресми басылымы емес, қазақтың сол кездегі зиялы қауымының үні болды. Газеттің материалдарды беру тәсілі мен түрлері де басқаша болды. Мысалы, ол қазақтардың қазір қалай өмір сүріп жатқаны туралы, жаңа әдебиет және халықтың қазіргі аhуалы туралы материалдар жариялады.

Газет елден жиналған қаражатқа шығарылды. Редакциялық, баспаханалық шығындар осы бағыттағы газеттің шығуын қолдаушылар тарапынан төленіп тұрды. Мысалы, қазақтың танымал ақыны Шәңгерей Бөкеев 500 рубль, ал отставкадағы генерал Газиев өзінің жинаған ақшасынан 1000 рубль берді. Сонымен бірге астыртын кәсіподақ ұйымдарынан, мұғалімдер мен дәрігерлерден, пошта қызметкерлерінен ақша түсіп тұрды.

Орыс революциясы жылдарында жұмысшы ұйымдарының бастамасымен және оларға тілеулес топтардың көмегімен Россияның Саратов, Царицын, Астрахань қалаларында, сонымен бірге Орда қаласында астыртын кәсіподақ ұйымдары пайда болды. Олар өздерінің шама-шарқына қарай ұйымдастыру жұмыстарымен қатар, тұрғындар арасында ағарту және насихат жұмыстарын жүргізді. Олар өздерінің оқырманға арналған Үндеуінде: «Өз елін сүйетін, оның қасіретіне күйінетін әрбір қазақ осы бір ұлы істі – өзінің баспа органының пайда болуын тегіс қолдауы қажет. Бұл – көктемнің алғашқы қарлығашы»,– деп жазды.

Қазақ интеллигенциясының сол тұстағы көрнекті өкілдері Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Меңдешев, Ғұмар Қарашев, Шәңгерей Бөкеев, Ишанғали Бейсенов, Закария Ерғалиев және басқалары, татар интеллигенциясының аса ірі өкілдері Мұтиғулла Тухфатуллин, ақын және революционер Ғабдолла Тоқай, Мұхамедғали Мусин газетке белгілі бір деңгейде қаржылық көмек берді және шығармашылық тұрғыда жан-жақты қолдау жасады. Осындай қамқорлықтың нәтижесінде редакция баспахана жабдықтарын, қағаз және бояу сатып алып, 1911 жылдың қарашасынан бастап газет шығару ісін қайта қолға алды, ал 1912 ж. газетпен қатар қазақ ақындарының «Ызың» деп аталған жинағын және қазақтарға арналған «Малдәрігерлік әліпби» кітабын басып шығарды.

«Қазақстан» газеті демократиялық қозғалыстың мінбері болды. Қазақ халқының алдыңғы қатарлы

өкілдерінің арман-мақсаттарын тілге тиек қылды. «Қазақстан» газетіндегі материалдарды көсемсөздің жарқын үлгісі деп айта алмаймыз, алайда сол тұстағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтеруде басылымда өте қажетті, күн тәртібінде қойылуға сұранып тұрған өзекті, мазмұнды материалдар жарияланғанын айтуымыз керек.

«Қазақстан» газетінің алғашқы сандарындағы материалдар мазмұны жалпы демократиялық, ағартушылық бағытта болса, кейінірек, әсіресе, Оралда шыққан сандарында революциялық-демократиялық рух айқын сезіліп тұрды. Сондықтан да «Қазақстан» газеті ұлттық шынайы баспасөзді қалыптастыруда өзіндік рөл атқарды. Ол өз мақалалары арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырды Оның тарихи маңыздылығы да осында. Газет тұтас қазақ зиялылары тобын демократиялық бағытта тәрбиеледі.

1913 ж. 2 ақпанынан бастап Орынборда «Қазақ» газеті шыға бастады. Ташкент қаласында февраль революциясы қарсаңында «Алаш» газеті жарық көре бастады. Бұл басылымдардың барлығының идеялық бағыты әр түрлі болды, бұл оларды шығарушылардың көзқарастарына байланысты болатын.

1913 жылы «Қазақ» газетінің тұңғыш саны шыққанда газет редакторы болған Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде

біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл – әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

Көсемсөздің алғаш рет ғылыми анықтамасын берген Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің «Хурметлу оқушылар!» деп басталатын бас мақаласында: «Заманына қарай амалы деген сөз бар. Мұның мағынасы – заманның түріне қарап іс істеу…

Әуелі газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі…

Екінші, газета – жұртқа қызмет ететін нәрсе…

Үшінші, газета – халыққа білім таратушы…

Төртінші, газета – халықтың даушысы…

Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күш қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет!..» – деп жазған болатын. Оның үстіне «Газетамыздың көп мақсұтының бірі: басқадан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалдары, жұмбақтары, тақпақ сөздері, билерінің, шешендерінің айтқан сөздері, басылмаған өлеңдері, қиссалар, бәрі де қабыл алынады» дегені де көсем-сөздің бастауын шешенсөзден алу керек дегенге саятын.

Белгілі ғалым Рымғали Нұрғали Ахмет Байтұрсынұлының «Жалын» баспасынан 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» кітабына жазған алғы сөзінде Ақаңның қазақша және орысша – екі тілде бірдей білім алу жүйесін қолдағанын айтып, «жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын», – деп дәл қазіргі күнде алға қойылып отырған жаппай білім беру ұстанымдарымен үндес тұжырым жасағанын атап көрсетеді.

Ақаң «Білім жарысы» деп аталған мақаласында осы ойды одан әрі дамытып, жұртқа ғылым мен өнер үйретумен, көрумен, білумен жайылатынын сөз қылады. Осы мақаласында ұлы ұстаз ысырапшылдықты мінеп: «Тойда, көбіне, ас зор болады. Асқа сойылған малды, шай-қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішінде ішіп-жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер одан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да калады. Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. «Ат шаптырып, ас берді» деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі осы», – деп күйзеледі.

Шынында да, қазақ үшін бәсекенің ең тиімді жолы, жарыстың ең қолайлы түрі білім жарысы болуы керек деген ой тастайды.

«Әр орында көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау болар да отырар» – деп ұлы ұстаздың қабырғасы қайысуы да орынды. Ұстаздың халыққа

арнауы «Қазақ» газеті арқылы осылайша тарап, елдің санасын оятты, санасында сәулесі барларға нұрын төкті, оларды ойлануға, толғануға мәжбүр етті. Сондықтан да «Бастауыш мектептен» бастап, мектептің керектеріне дейін іздеген, барлық оқыту мәселелерін объективті талдаған, түрлі кәсіппен айналысу, оқу-ағарту ісін, емлені, жазу үлгісін жақсарту, әліппеден бастап түрлі оқулықтар құрастыру секілді мәселелердің қай-қайсысы да оның назарынан тыс қалмаған.

«Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында пікірін одан әрі сабақтап: «бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйретететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек» – деген түйін жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы дәл осы мақаласында («Қазақ», 1913, №11) Қостанай уезіндегі сауат ашу мәселесін зерттеп, өзекті мәселені тілге тиек етеді. Осы мақалада уезде әрбір жүз адамнан алты ер адам қазақша, әрбір мың кісіден алты ер адам орысша, ал әрбір үш жүз кісіден бір әйел ғана қазақша, төрт мың әйелдің ішінен бір әйел ғана орысша хат таниды деген деректер келтіреді. Ұстаз бұл мақаласында қазақ тілін білумен ғана шектеліп қалмай, орыс тілінде хат тануға ерекше назар аударады. Яғни, оның бұл мақалада айтылған пікірлері осы күнгі білім алу ұстанымдарымен үндесіп жатыр. Мұғалімдер санының аздығына, арнаулы бағдарламаның жоқтығына, оқудың белгілі бір жүйеге түсе қоймағанына қынжылады.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі атанған Ақаң туралы Мұхтар Әуезов 1923 ж. жазған «Ақаңның елу жылдық тойы» дегеп мақаласында: «Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жок қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ міндет пен бейнетті мойынына алған Ақаңның екпіні болатын...» – деп жазған еді.

Мұхтар Әуезов «Қазақ» газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі тарихта ешқашан ұмытылмайды деген кесімді пікірін білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны мұғалім, мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқу ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы, құралсыз

іс істелмейді, һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы.

Үшінші мектепке керегі – белгіленген программа. (Мұны бағдарлама деп жүрміз ғой).

Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі ия мерзімді өлшеуге боларға керек, үлгісіз ия мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, ия артық, ия кем шықпақшы», – деген аманат қалдырған. Бұл ұлағатты пікір қазіргі компьютер дәуірінде де маңызын жойған жоқ, жоймақ та емес.

Ақаң «Бастауыш мектеп» деген мақаласында осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, ал мұсылманша окығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес деген болатын. Ал біздің мұғалімдер арасында ана тілінде сайрап тұрсам, менен артық ұстаз жоқ деп есептейтіндер де, керісінше, әдістемені білсем, тілді білу міндетті емес дейтіндер де бар екені өтірік емес. Біздіңше, бұл екеуі құстың кос қанатындай қатар жүруі керек. Өзі таза сөйлеп, өзі тамаша түсіндіріп тұрған ұстаз – қай шәкіртке де ғибратымен, тәлімімен ұнайтыны акиқат.

«Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» деп Ахмет Байтұрсынұлының тебіренуі, күрсініп, егілуі де осыдан. Алаш ардақтыларының арманы орындалар күн енді туып келе жатқандай. Ал олардың өмірі мен өнегесін үйрету де күн тәртібінен түспеуі керек.

Сыншы-ғалым Шерияздан Елеукенов «Жаңа жолдан» (Алматы, «Жазушы», 1989) кітабында жарық көрген «Халықтың қөңілін көгерткен» атты мақаласында былай дейді:

«Қазақ жұртшылығын саясат айдынына шығаруда, елдің қоғамдық саяси ой-пікірін толғауда Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, жолға қойған «Қазақ» газетінің рөлі ерекше болды. Бірінші саны 1913 жылғы 2 ақпан күні жарық көрген бұл газет алдына төмендегідей мақсат қойды:

«... Жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп таныстыру. Сол мақсаттарды орынына келтіру үшін, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума мен Государственный совет турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медіресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігері жайынан жазу».

Ахмет Байтұрсынұлы не туралы жазса да егіліп, жан-тәнімен беріліп, күрсініп отырып жазды. Сондықтан да оның сөздері елге өтімді еді. «Қазақ» газеті журналистік шеберліктің нағыз үлгілерін іс жүзінде көрсетті.

Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде: «Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір

мухәббат, уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!...

...Түрік халқы – батыр халық.

Түрік халқы – арыстан, ер халық.

«Кімнен таяқ жегендей
Біздің түріктің баласы,
Алдырып жүрген дұшпанға
Ауызының аласы».

Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек!

Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар!» – деп тебірене сөйлеген болатын.

Осындағы «Ұмытпа!» деген сөздің қайта-қайта қайталануы сөйленген сөздің әсерін де молайтты, қуатын да зорайтты. Айтылған сөз нысанаға дәл тиді.

Қоғам қайраткерлерінің журналистік шеберлігі олардың сөйлеген сөздерінен, жасалған баяндамаларынан анық байқалады. Осы орайда Қазақстанның халық ағарту комиссары болған Смағұл Сәдуақасовтың 1926 жылы Ташкент қаласында педагогикалық жоғарғы оқу орыны ашылғанда жасаған баяндамасына назар аудармаса болмайды. Бұл баяндамасында С.Сәдуақасов қазақ-орыс мектептерінде негізінен православие дінін қабылдаған қазақ жастарын дайындау белең алғанын, қазақ балалары оған өз еріктерімен бармағанын,

сондықтан да қазақтар өз арасында жеребе тастағанын, немесе кедейлердің балаларын осындай оқуға жіберу үшін сатып алып отырғанын айтқан.

«Орыс империализмі капитализмнің нығайған топырағында ғана туған жоқ, жалпы алғанда, ол отар халықтардың қан-сөлін сығып алу есебінен өсті және дамыды. Сондықтан да орыс отаршылдығы Батыс өз отарларына берген көзге қораш экономикалық «пайданың» өзін бізге бере алмады.Ол тұста патшалық Ресейдің үкіметі нені армандап еді? Оның арманы, өкінішке орай, қазақ халқын орыстандыру, олардың арасында православие дінін тарату болатын. Жоғары маманданған орыс миссионерлерінің ірі ұйымдарының осы бағыттағы атқарған жұмысын кім білмейді? Миссионерлердің мұндай жұмысы, ең алдымен, ақ патшаның жомарт қолымен марапатталып, ұлт есебінде қазақ халқын біржолата жоюға бағытталды. Мұндай зұлымдық мақсатты көз алдымызға келтірудің өзі қиын» деген сөздерді қазақ қайраткерінің жүрекжарды шындығы есебінде қабылдайтынымыз анық.

Осы баяндаманың үзіндісінен көріп отырғанымыздай, автор айтатын ойын нақты айғақтарға сүйеніп, жеріне жеткізіп айта біледі.

Смағұл Садуақасовтың көсемсөз жанрында жазылған «Қостанай-Торғай» атты жолжазбасы «Қызыл Қазақстан» журналында 1922 жылы жарық көрді. «Қазақ… Қазақты білесіз. Қазақтың қолынан не дәрмен келеді? Қойша айдаған жаққа жүре беру. Қырса, үндемей қойша қырыла беру. Біз мал емеспіз пе!»- деген сөзінен басталған ахуал Қостанай өңірінің

мысалында кеңестік билікке мойынсұнған қазақ жұртының ауыр халін, көнбістігін, еңсесі түскен рухын сөз етеді. Смағұл отаршылдардың зымиян іс-әрекетін әшкерелейді. «Қостанай уезінің қазағы орыспен сан жағынан тепе-тең, құқық жағынан, бостаншылық жағынан Қостанай қазағының халі ескі замандағыдан төмен. Іс басында бір қазақ жоқ деуге болады. Бәрі – орыстар… Істегендері – зорлық-зомбылық, қиянат, қырып кету, жойып кету. Ел ішіне жақсылық сөзбен, таза пікірмен барған біреу жоқ» – дейді. С.Садуақасов қазақ арасынан шыққан қостанайлық оқыған азаматтардың мемлекет қызметіндегі елеусіз орындарда жұмыс істеп отырғанын орынды байқаған. Өйткені сауатты да қабілетті қазақтардың етегінен тартып, аяғынан шалып отырғандар – отаршылдар. «Колонизаторлардың әдісі жақсы-ақ! – дейді автор. – Біреуді «жалқау» дейді, жалқау бола қалады. Екіншіні «контр» дейді, контр бола қалады! Өздері оңды, басқа жұрт – жаман».

Мақалада Қостанай қазағының арасында отаршылдықты қасақана ұйымдастырып отырған кімдер екені нақты деректермен көрсетіліп, тез арада шешілуге тиесілі мемлекеттік мәселелерге назар аударылады.

Алаш арыстарының жазған мақалалары мен сөйлеген сөздеріндегі журналистік шеберлік үлгілері олардың көптеген шығармаларынан «мен мұндалап» көзге түседі. Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай да, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов та, Елдес Омаров пен Смағұл Сәдуақасов та сөйлеген және жазған сөздерінде халықты оятуға тырысты,

сол үшін барын салды. Сол кездегі басқа қазақ қаламгерлері мен журналистерінің сөздерінде де «Тұр, қазақ!», «Жатпа, қазақ!», Көзіңді аш, қазақ!», «Ұйықтама, оян, Алашым!» деген секілді ұрандық сипаттағы сөздер басымдыққа ие болды. Қостанай өңірінде өмір сүрген Ысқақ ақын да сол тұстағы барлық қазақ ақындары секілді жастарды ұйқыдан оянуға, өнер-білім үйренуге шақырады. «Қорылдап, қараңғыда ұйқы бағып, құр қалған барлығынан қазақ сорлы» деген түйін жасады. Міржақыптың:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбе қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты» деген шумағында айтылған ойға өзек болған Алаш арыстарының ойлаған мақсаты, қол жеткізбек мұраты оларды біріктіріп қана қойған жоқ, намысын қайрады, жігерін шыңдады, ширықтырды, сондықтан да олардың сөздері де қайнаған судай бұрқылдап, ел жүрегін жандырды, ар-намысын оятты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұстафа Шоқай. «Түркістанның қилы тағдыры». А., «Жалын»,1992.
2. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. А., «Жалын», 1991.
3. Смағұл Садуақасов. «Қостанай-Торғай», «Қызыл Қазақстан» журналы, 1922.
4. Рымғали Нұрғали. Ахмет Байтұрсыновтың «Жалын» баспасынан жарық көрген «Ақ жол» кітабына алғысөз.
5. Шерияздан Елеукенов. «Жаңа жолдан», А., «Жазушы», 1989.

Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ,
Бекежан Сүлейменов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы.

ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ – ҚАЙНАР БҰЛАҚ

Өзге халықтар сияқты қазақ халқының да көп заманнан бері келе жатқан тұрмыс-тіршілігі, еңбек-кәсібі, әдет-ғұрпы, салты бар. Бұлардың бәрі адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, экономикалық жағдайларына байланысты қалыптасып, сол негізде дамып отырған. Халқымыз көп ғасыр бойына жасаған тұрмысы, еңбек-кәсібі, дәстүрі жайында неше түрлі шығармалар шығарған. Қазақтың ауыз әдебиетінде халқымыздың өткендегі өмірін боямасыз көз алдыңа әкелетін мұндай шығармалар өте көп.

Салт жырларында адам өмірінің үш кезеңі – туу, үйлену, өлу кең орын алған. Адам өмірінің осы үш бунағына сәйкес халықтың әр түрлі салты, ғұрпы, дәстүрі бар. Қазақта әдет-ғұрып, салт көбінесе ән, өлең-жыр арқылы бейнеленеді. Көркем сөздің асылын поэзия деп бағалаған ұлы Абай қоғам мен адам өміріндегі поэзияның мәніне тоқтала келіп:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойласаңшы бос қақпай елең-селең», - деп ой түйген. Ақын бала туғандағы шілдехана, қыз ұзатқандағы тойбастар мен келін түскендегі беташар өлеңдері, адам өлгенде айтылатын жоқтаулармен дәлелдей келіп, өмірде өнермен байланыссыз еш нәрсе жоқ екенін көрсетеді. Өлең-жырсыз қазақ ауылының түтіні түзу, демі еркін шықпасы белгілі. Осы тіршіліктің қуанышы мен қайғысына қатысты шығармалар «тұрмыс-салт жырлары» деп аталады. Айтайын дегенін өлеңмен өрнектеу – халқымыздың қанына сіңген қасиет.

«Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген», - деп Мұқағали ақын жырлағандай, қара өлең – халықпен бірге туып, біте қайнасып өмір кешіп келе жатқан құдіретті жыр. Халқымыз табиғатқа таңдануын, әділетті аңсауын, қиянатқа қынжылуын, сұлулыққа сүйсінуін бір шумақ қара өлеңмен атам заманнан бері ауызекі айтып келеді. Ауыз әдебиетінің арғы атасы эпостық поэмалар делініп жүрген кезеңдерде: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады», - дейді ғұлама М.Әуезов. Ал тұрмыс-салт жырларының өзіне оның ең шағын түрі – қара өлең іргетас болғаны белгілі. Тілге тиек болған өлең өрнегі бастауын ауыз әдебиетінен алғандығын айғақтайтын «Әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі, өрнек етіп

аламыз? Әрине, ... жоқтауларды, мақалдарды, тағытағы осындайларды»,- деген Ахмет Байтұрсынұлы пікірінде халықтық жырларға зор мән берілгенін ескерген жөн.

Қаншама заман өзгеріп жатса да, мұндай өлеңжырлар сол халық, сол ұлтпен бірге жасап, тұрмыссалтта айтылып, жырланып, қайта бұрынғыдан да жаңарып, толығып, молығып, атадан балаға рухани мирас-мұра болып қала береді. Бұл халық поэзиясының ең басты өлмес қасиеті болып табылады.

Еліміз өз алдына тәуелсіздік алып, ұлттық айшығын, болмысын танып, сонау алыста қалған тарихынан бабалар сүрлеуін тауып, ділі мен дінінің өше бастаған қоламтасын үрлеп, қайта маздатқанда, рухани бастауымыз тұрмыс-салт жырларына қайта құлақ түріп, әр шумағынан үлгі-өнеге, қадір-қасиет іздеуіміздегі мақсат – ұрпақтар жалғастығын, өнер өміршеңдігін танып білу. Белгілі әдебиет зерттеушілері М.Ғабдуллин мен Б.Ысқақов тұрмыссалт жырларының қамтитын тақырыптарын екі өзекті мәселе төңірегіне топтайды. Олар: төрт түлік мал, еңбек жайындағы жырлар және әдет-ғұрыпқа байланысты туған шығармалар. Н.Төрекұлдың құрастыруымен жарық көрген «Сүйіншіден – көңіл айтуға дейін» атты жинақта автор қазақ халқының жырларын тұрмыс-салт жырлары және халық жырлары деп жіктеп, біріншісіне әдет-ғұрыпқа қатысты жырларды енгізсе, екіншісіне еңбек, кәсіпкерлік, дидактикалық-өнегелік, фантазия, аңыз түрлерін жатқызады. Автор бұдан әрі тереңдеп, сүйінші, шілдехана, бесік жыры, тұсау кесер, тойбастар, беташар, жар-жар, жарапазан,

жоқтау, қоштасу, жұбату, естірту, көңіл айту тәрізді нұсқаларды таза салт жырлары деп жіктейді. Салт жырлары белгілі бір тарихи кезеңдегі немесе белгілі бір өңірдегі оқиғаларға, күнделікті тіршілік, от басы ошақ қасы жайттарға қатысты туады. Бір өңірдегі жырлардың басқа аймақта белгісіз болуы да әбден мүмкін. Өйткені ауыздан-ауызға, зердеден-зердеге көшетін салт жырлары өзгерістерге ұшыраумен бірге, мән-мағынасы, көтеретін тарихи жүгінің салмағына қарай таралу аймағының шектеулі болуы заңды. Мысалы, беташар бүкіл Қазақстанға тараған салт жыры болғанымен, оның сан алуан варианттары бар. Сол нұсқалардың бірде-бірі белгілі бір өңірге тән өлшем бола алмайды. Өйткені ол сол кезеңдегі көңіл-күйге лайық жаңаша мән-мағынада өзгеріп отырады. Сондықтан да салт жырлары белгілі бір өлкенің тұрмыс-тіршілігінің, әдет-ғұрпының, ұлттық болмысының көрсеткіші іспеттес әдеби-рухани мұра. Екіншіден, белгілі бір кезеңдегі оқиғаға қатысты, белгілі бір адам ауызынан айтылған тарихи дерек, рухани мұра ретінде құнды. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың көлдей көлкіген көз жасы, көкірегі толы мұң-шері, ойын-тойы – бәрі-бәрі өлең өрнегімен әдебиет қазынасын байытты. Қазақ – ежелден дархан далаға, кең пейілге, өлең-жырға бай халық. Ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан әдет-ғұрып, салт жырлары бүгінгі күні де ұрпақтарының айтуымен жалғасын тауып отыр.

Салт жырларының Айшуақ өңіріндегі бүгінгі қолданысы

Салт жырларының ішінде ең мол сақталғаны –

жоқтау. Жоқтау – қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша жоқтауды марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады. Ел ішіне кең тараған жоқтау жырлары негізінен айтар ой сарыны, ұйқасы, образды сөз кестесі жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Елге қадірлі, беделді адамның қазасын лайықты жырмен жоқтау оның артындағы қалған ел-жұртына салмақты сын болған. Жаттанды сөздермен көпке белгілі жоқтау үлгілері ондай кезде жаңаша айтылып, мазмұны жағынан толығып отырады. Қазақ ғұрпы бойынша адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылады. Жоқтау – лирикалық жыр. Онда адамның азалы жан толғанысы, күйі-құсасы беріледі. Біреудің жаны ашыр жақыны, сүйікті баласы өлсе немесе халықтың қадірлейтін адамы қаза болса, соларды жоқтап өлең, жыр шығару салтқа айналған. Қазақтағы жоқтау өлең өлген адамның өзіне ғана арналып шыққан тың сөз болады. Басқа біреудің айтқан жоқтауын айту, жаттанды өлеңді айту қазақ ғұрпында мін саналады. Ондай жоқтау көңілдің шын қайғы-зарынан шыққан емес, жалған жоқтау болады. Жоқтауларда өлген адамның жақсы істері, қызметі, сүйкімділігі, мінезі еске алынған. Бұл ретте жоқтау өлеңдері қайтыс болған адамға жасалған ескерткіш есебінде ұғынылған. Қазірде екінің бірі көкірегі қарс айырылып, шерлі шақты бастан өткеріп отыр.

Әкеміздің керек жері көп екен,
Әкесі жоққа кең дүние шөл екен,

Тірі болсаң қайран әкем, тірегім,
Көңілімнің қуанышы мол екен.
Ақ көйлек кисем кір болған,
Жаңбыр жауса нұр болған,
Қалған өмірімізге жыр болған, - деген нұсқада асқар тауы әкесін жоқтап отыр. Адам бар жерде қаза бар. Қабырғаңды қайыстырып, шер-мұңға бөктірген өлім біреуге мезгілімен келсе, енді біреуге мезгілсіз соғып, көктен түскен жасындай ойда-жоқта ортасынан суырып алып кетіп жатыр. Осындайда көздің жасын төгіп, жүректің жалынымен аh ұрып, жоқтау айтып отырған жандарға қалайша егілмессің?!
Ай туады арадан,
Алтын айна шарадан,
Өмірің қысқа, бауырым,
Неге тудың анадан?
Төрдегі тұрған кілемнің
Шашағы бар да, түгі жоқ,
Кешегі жүрген бауырымның
Төсегі бар да, өзі жоқ.
Кейбір жоқтаулардың мазмұны шығарушының жеке басына, көңіл-күйіне де байланысты. Көп бейнет көріп, қайғы бұлты төбесінен арылмаған шерлі жандар кісі өлімін өзінің мұңлы өмірімен байланыстырып айтады. Айшуақ ауылында тұратын мұңлық жан Сырға Сүгіралина іштегі шерін тарқатқанда өмірінің күнгей тұстарына көп тоқталады.
Үйден шығып кеткен соң
Тиер ме қыздың панасы?

Бұл жалғанда бітер ме
Жыртық үйдің жарасы?
Ақырзаман қайда бар?
Жалғыздықтың басында,
Бақыт деген қайда бар?
Денсаулықтың қасында.
Туралап ажал келгенде,
Көшін тартып жөнелді.
Кеудеден жаны шыққан соң
Қара жермен теңелді.
Анашым қайда, ел қайда?
Көретұғын күн қайда?

«Жарығым» деген сөз қайда? – деп аш бүйірін таянып ah ұрады. Бұл кісінің әкесі өлгенде айтқан жоқтауы да жалғыздықтың тақсыретін тартқан жанның тағдырға наласын көрсетеді. Айшуақтықтар құлағына зарымен сіңіп қалған бұл жоқтаудан да Сырғаның ішкі аласапыран жан дүниесіндегі мұңын сол тағдыр деген жазмыштан көретіндігін байқаймыз.

Есіктің алды жас қайың,
Жапырағын баспайын,
Қандай қылып өсірген
Әкемді айтып қақсайын.
Сексенге келген жасында,
Кәрілік пен жалғыздық,
Бірдей түсті басына.
Бір бөлмеде бір өзі
Жатты-ау әкем қиналып.
О да өмірдің сәні екен,
Отырса халқың жиналып...

Жас жүрегі шер мен мұңға ерте тұнған Бағдажан Әбшанқызы жалғыз қызы Гүлжанатын жоқтап, зарын былайша жеткізеді:

Қызғалдақ гүлді солдырған
Сұм ажалға кездестім,
Айырылып өмір мәнінен,
Тағдырдан мына баз кештім.
Жан ботамнан айырылып,
Қасірет үлкен басымда.
Жанымды менің түсінер
Гүлжанат жоқ қасымда.
Тәлкек қылып тағдырым
Менімен күш сынастың,
Қыспағына шыдамай,
Халқым, саған сыр аштым...
Жан саямның сөзіне
Жарқын-жарқын күлуші ем.
Жырға толып жүрегім,
Жайраң қағып жүруші ем.
Бас айналған бақыттан,
Байқамаппын уақытты.
Ана екенмін, аңдасам,
Баласымен бақытты.

Қызығы мен қуанышына айналған жас жеткіншектің мезгілсіз өлімі ана жүрегін қарс айырады. Жас ғұмыр ерте солды. Іштегі дертін айтып жеткізген шерменде жанның мұңына ортақтасасың, сонымен бірге егіліп, бірге налисың. «Өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген ұлы Абай сөзінің сыры ойымызды нақтылай түседі. Бауыр еті баласынан айырылған

ананың жан дүниесі аласапыран күй кешті. Сорлы жан шыбын жаны шырқырап аласұрса да, өлімге арашашы бола алмады. Өйткені «өлгендер қайтып келмейді» деген өмірлік ақиқатқа ана жүрегі дау айта алмасы белгілі. Халық арасында «өлімнің сәні - жоқтау» деген пікір орынды айтылып жүр. Өлгеніңді дұрыс жоқтай білгеннен артық ескерткіш жоқ. Қазалы күнде жоқтау айту – ұлттық дәстүріміздің жақсы үлгісі. Оны айтудың, жалғастырудың ешқандай ерсілігі жоқ. Халық ғұрпы бойынша жоқтау айтқан әйелдер мен қыздар үш күн бойы аяқ-табаққа араласпаған, яғни, отбасы, ошақ қасы шаруасын жиып, салтты берік ұстанған. Біздің қазақ салтының осы ырымынан-ақ ғасырлар бойы жинақталып түзілген қасиетті салт-дәстүріміздің сыпайы мәдениеті мен әдебінің жоғары болмысы көрініп тұр.

Әріден келе жатқан салт жырларының бірі – сыңсу. Бұл жыр той бітіп, қызды ұзатар кезде айтылады. Әке-шешенің міндеті – ұлды ұяға, қызды қияға қондыру. Қыз өзі қонақ болғанымен де, ұзатыларында туып-өскен ортасын қимай, егіліп, көкірегі өксікке толып, шерін шығарады. Сыңсу – ұзатылар қыздың аттанар алдында ел-жұртымен, ағайын-туыс, құрдас-құрбыларымен, туып өскен жерімен, жастық-балалық өмірімен қоштасу ретінде айтылатын өлеңі. Ескі феодалдық салт-сана орнаған кезде қазақ қыздары еріксіз малға сатылып, сүймеген адамына баруға риза еместігін, еріксіз кетіп бара жатқанын, қам көңілділігін, әке-шешеге ренішін білдіріп, зарлы «сыңсу» айтқан. Жеңгелері осы өмірге қаншалықты дайындаса да, басқа орамал салу – қыз үшін беймәлім

дүние. Осы сарындас сыңсу айтып, көңіл шерін тарқатқан жандардың көпшілігі өмірден өтті, сайдың тасындай сиреп қалған бірен-саран аналарымыздың сөзіне құлақ түріп көрелік:

Әлпештеген жасымнан
Ата-анама сәлем де,
Орамал түсіп басыма,
Көндім жаулық әлемге.
О, дариға, үйдегі
Бұлғақтап өскен күндерім,
Өшіңді алып мендегі,
Өтеріңді білмедім.
Дәуренім өтіп бастағы,
Келін болдым сызылып.
Күндерді ойлап жастағы,
Кетеді көңілім бұзылып,-

деп, өз үйіндегі қызық дәуреннің енді қайтып келмесін біліп, тағдырға мойынұсынған апаларымыз:

Омырауыма таққан теңгем-ай,
Бірге жүрген жеңгем-ай,
Енді айналып келер ме?
Сенімен ойнап күлгенім,
Айналайын, бауырым,
Бірге тумақ болса да,
Бірге жүрмек жоқ екен,-

деп өз еркімен кетіп бара жатса да, еркелеп өскен ортасын, мәпелеген ата-анасын, бауырларын қия алмай, көзіне жас алып, шерін өлең сөзбен айтып тарқатқан. Осы көңіл-күйді, қимастық сезімді мына өлең шумақтарынан байқаймыз.

Шымылдықтың етегін серпіп шешем,
Көздің жасын аямай төксін шешем,
Көздің жасын аямай төге жүріп,
Бір міндеттен құтылдық дерсің шешем.
Серпе сал шымылдықты көрсін әкем,
Көл қылып көздің жасын төксін әкем,
Жылайық өксіп-өксіп дерсің өтірік,
Құтылдым бір міндеттен дерсің әкем.
Салмайды қоян жатақ құм болмаса,
Жақтырмайды қызды әке ұл болмаса,
Кетеді бергеніне құл болса да,
Айтсайшы бермеймін деп тым болмаса... (Аманова Бадан).

Немесе:

Атқа бір тоқым салмадым,
Қолыма қамшы алмадым,
Нәтім нашар болған соң,
Айналайын, жан әкем,
Атқосшы саған болмадым.
...Базардан алған тақтайды,
Сындырмай қалай сақтаймын?
Жат елге асып барамын,
Еркелеп өсірген, ақ анам,
Ақ сүтіңді қалай ақтаймын? (Базарбаева Дина).

Қазіргі жаңғырған заманымызда сыңсу жаңа мазмұнға ие болып келеді. Бүгінде екі жас бір-бірінің жүрек қалауымен қосылады. Сондықтан соңғы кездері сыңсу айтылмай жүр. Дегенмен де, қыз ғұмырмен қоштасу оңай емес. Ұзатылар қыздың өзі болмаса да, қасындағы құрбылары болып жаңа

мазмұндағы сыңсу айтқанның әбестігі жоқ.

БЕТАШАР – жаңа түскен келінге байланысты айтылатын жыр. Қазақтың ерте заманнан келе жатқан дәстүрлерінің бірі – жаңа түскен келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, желекпен жауып әкелу. Келіншектің бетін өне бойы бүркеп қоюға болмайды. Сондықтан оның бетін ашу керек. Бұған ерекше мән беріп, келіншектің бетін шаршы топта ақындар өлеңмен ашады. Ауылымыздағы келін түсіру тойларында «Беташар» жырымен сөз маржанын төгіп жүрген Рахметулла Қожин, Мәлік Алтаев сынды ақындарымыз бар. Бет ашуға дайын тұрған ақын көпшілік алдында келінге және көпшілікке арнап өлең айтады.

Жиналып алыс-жақын келген болса,
Дәмді сөз айтады деп сенген болса,
Бастайын осы тойдың беташарын,
Үлкендер рұқсатын берген болса.
Аман ба, ардақты елім, бесік елім,
Өздерің тұсауымды кесіп едің.
Халайық, сөз тыңдауға жиылсаңдар,
Мен енді әрі-бері көсілемін.
Тәңірім ақ талапты оңдай берсін,
Лайым да той-қуаныш бола берсін,
Сыйынып сөз сөйлесем беташарда,
Аруағы бабалардың қолдай көрсін.
Келіннің талай бетін ашып жүрмін,
Халыққа керегі жоқ жасық жырдың,
Көпшілік күліп-ойнап қалсын деп бір,
Уыстап сөз маржанын шашып жүрмін.

Туған ел тәңір берген төрім менің,
Ел үшін өлең-жырға ерінбедім,
Той жасап, келін түсіп жатқан ауыл,
Құтты болсын бәріңе де келіндерің,-

деп тұрған жыршы осал жан емес, уыстап сөз маржанын шашып жүрген ақын ата-баба рухына сыйынып, тойдың беташарын бастап тұр. Жыршы онан әрі бірін-бірін тауып қосылған екі жастың болашағына ақ жол тілеп, ата-енесін, ағайын-тумасын жас келінге таныстырып, сәлем бергізеді. Беташар өлеңдерде жаңа түскен келіндерге арналған үгіт-насихат сөздер де кездеседі. Онда келіннің үй шаруасындағы міндеті, атқаратын қызметі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы қандай болуы керектігі айтылады. М.Алтаевтың нұсқасында:

Ау, келінжан, келінжан,
Ұрыс-жанжал дегенді
Кәсіп етпе, келінжан.
Үлкендердің алдынан
Кесіп өтпе, келінжан.
Сәл нәрсеге ерініп
Жалқау болма, келінжан.
Ата-енеңмен әр кезде
Сыйласып жүр, келінжан.
Ұмыт қалған заттарын
Жинасып жүр, келінжан.
Қол алысқан сертіңе
Берік болшы, келінжан.
Жолдасыңа ақ адал
Серік болшы, келінжан.

Әр ісіңе ағайын
Ғашық болсын, келінжан.
Бақ-дәулетің басыңа
Тасып қонсын, келінжан,-

деп еңбек ет, әдепті бол, өтірік-өсек айтпа, салдыр-салақ болма деп, жас келінді жаман қылықтардан жирендіреді. Қосылған екі жасты жарасымды тіршілік етуге шақырады. «Бір-біріңді түсініп, сыйластықта ғұмыр кешіңдер» деген уағыз айтылады. Р.Қожин өз нұсқасында:

Жарастықты жұп болып,
Жұрт қарайтын таңырқап,
Ата-анаға құт болып,
Әкеліндер жаңа ұрпақ.
Қарсы тұрғын, тосылма,
Соқса өмірдің дауылы.
Тап келсе егер тосыннан
Сынақтың ең ауыры.
Қос аққудай көп жүзгін,
Болсын ауызбіршілік.
Сыйласумен өткізгін
Мәнді, сәнді тіршілік,-

дей келіп, ақын екі жасты «үйлену – оңай, үй болу – қиын» деген қағидаға сендіріп, өмірдің ауыртпалығына төзе білуге, шыдамды болуға, сөйтіп жас босағаның еңсесін берік ұстауға шақырады. Беташар жыры – үлгі-өнеге боларлық ғибратты сөздерге толы. Демек, беташар жырының жас келіндер үшін тәрбиелік маңызы өте зор.

Айнагүл КҮЗЕНОВА,
№263 «Шөміш» негізгі
мектебінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
«Шөміш» елді мекені.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНА ТІЛІНІҢ РӨЛІ

«Әркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе», –

деп С.Мұқанов айтқандай, ананың ақ сүтімен дарыған туған тілімізге әрбір қазақ перзенті борыштар деп білем. Барлық мәдениет пен жарасымдылық, тұңғиық сырлар мен жазу жүйесін бойына жиған – дара да, дана қазақ тілі. Ұлы Абайдың өзі де

«Өткірдің жүзі, кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас» деп туған тіліміздің даралылығын, даналылығын тағзым ете жырлады емес пе? Орақ ауыз, от тілді шешендер де, қарымды қаламгерлер де,өлеңмен өрнек салған ақындар да, ғылымның майын ішкен ғалымдар да «**ТІЛ»** деген таусылмайтын кеннен нәр алды емес пе? Тіл деген таусылмайтын кен десек, сол кеннің байлығын бағалап, құнарын көбейтетін, барын бағалай білетін –

халық. Халық жаны болып табылатын ана тіліміздің қазіргі таңда жастар тәрбиесінде алар орыны қандай? Балаға сапалы білім, саналы тәрбие және аяғынан тік тұра алатын тұлға етіп тәрбиелеу – ата-ана мен мұғалімнің міндеті. Дүниеге ұл келсе «Тұқым, үрім-бұтағым көбейді», қыз келсе «өрісім кеңейді» деп қуанған кең пейілді қазақ халқының ұл мен қыздың тәрбиесіне ерекше назар аударғаны хақ. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ана мен әке де қыран болуы керек» деп ежелден-ақ тәрбие толғамын талдап кетті емес пе? Ең алғаш дүние есігін ашқан сәби ананың ақ сүтімен, Алланың құдіретімен «ана» немесе «ата»деген сөзді айтқаннан, өміріндегі барлық дүниетанымды, жақсы мен жаманды тіл арқылы ұғынып, тіл арқылы таниды.

Грек философы Демокрит «Жақсы адам болып қалыптасу үшін жаратылысынан гөрі жаттығудың рөлі зор» деп тауып айтқан ғой. Жаратылысынан жан-дүниесі жарымжан балаларды ана тіліміздің құдіретімен саналы қоғамға сыйғыза аламыз. Тіл арқылы жаттығу осыдан басталады. Әрбір ұстаз шәкірт алдында жүріс-тұрысымен, киім киісімен, ең басты – салиқалы да салмақты сөзімен оң ықпал әсер ететіні анық. «Тәрбиенің құралы – сөз» деп О.Сүлейменов айтқандай, сол құралды орынды қолданып, ұтымды пайдалана білген жөн.

Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы. Хакім Абай отыз бірінші қарасөзінде «Естілген сөзді ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар. Әуелі –көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені көргенде я естігенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші ой-кеселді нәрселерден қашық болу керек...» делінген. Орынды айтылған әрбір сөз орынын табады. Әрбір тіл маманы жастар алдында тілдік норманы дұрыс қолданып, афоризмді араластыра, мақалды мәнеріне келтіре, әрбір ойын әрлеп жеткізуге міндетті. Әдеби нормадан ауытқымай, тіліміздің қаймағын сүзіп, қалдығын сыпырып, жаргондарды жұлып, тәрбиелік мәні бар мәтіндерді сыныптан тыс уақытта да көптеп оқытуымыз керек. «Аталы сөзге арсыз ғана таласады» деп атап көрсеткен қазақ халқы дара тіліміздің даналылығына тоқтау берген. Қазіргі заманда жастарымыздың айтылған сөзге тоқтау берері кемде-кем. Сол жастар – алдымыздағы шәкірттер. Мұның барлығы тәрбие мен тілді ұштастыра білмегендіктен. Әр пән мұғалімі бір тақырыптың аясында «қамалып», тәрбиенің орынын екінші орынға ығыстыра салып, салғырттық танытуымыздан. Сыныпқа кіргенде алдымызда сан қилы тағдыр, сан түрлі тәрбие, әр түрлі ұғым-түсініктер қарсы алады.

Сол оқушылармен жылы-жылы сөйлесіп, бауырыңа басып, әрбір сөзіңді ақылға жеңдіре отырып, әр оқушымен ашық сөйлессең ғана оқушының жақсы тәрбие алуына алғашқы оң қадам жасайсың. Әр оқушы – бір жұмбақ. Сол жұмбақтың шешуін, түйілген түйінін күшпен емес, білім мен тіл арқылы шешесің. Сол себепті әрбір педагог әр оқушыға тәрбиені талбесікпен тіл арқылы тербету керек. Әл Фарабидің «тәрбиесіз білім – тұл» деген қанатты сөзін әр мұғалім санасына тоқыса екен. Тәрбие талбесіктен басталса, сол бесікті тербетер әсем ән, мектеп табалдырығын аттаса «әліппе» деген сиқырлы білім кітабынан бастау алады емес пе? Тәрбие. Тіл. Ұстаз ұғымдары – бір қазанда біте қайнасқан, бөлінбейтін бөлшек. Тілден құдіретті, тілден күшті ештеңе жоқ, сондықтан ана тіліміздің асыл арнасын шәкірт санасына құюды қазірден бастайық. Ал тәрбие үдерісін Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үдерісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп атап көрсеткен.

Қорытсақ, тәрбие құралы тіл десек, сол құралды орынды жерінде пайдаланып, болашақ ұрпақ жолында дұрыс қолдана білейік.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің
профессоры.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИДІҢ «КҮЛТЕГІН» ЖЫРЫ

Сөз жоқ, Қадыр Мырза Әлидің «Күлтегін» жыры – XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің мол табысы. Олай дейтін себебіміз – Қ.Мырза Әлидің «Күлтегін» жыры сонау түркі дәуіріндегі тасқа қашап жазылған «Күлтегін» ескерткіш-жырын XXI ғасырға жақындатты. Бұл әдебиетіміздегі тосын жаңалық болды. «Күлтегін» Қадыр Мырза Әлиде қазақи рухпен, қазақи болмыспен жырланады. Тағы бір атап өтерлік жәйт, бұл – тек қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл түркі әдебиетіндегі жетістік.

Қ.Мырза Әлидің 7-8 буыннан тұратын «Күлтегін» жырының балалардың рухани байлығын арттырудағы маңызы зор. Олай дейтініміз, бұл жыр балалардың санасында түркішілдік идеясын оятып, өз еліне деген, Отанына деген ыстық сүйіспеншілігін арттырады.

Сонау бастан, о бастан
Бір-біріне жарасқан.
Жаралғалы қара Жер,
Жаралғалы Көк Аспан
Естеми мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан.

Бүкіл түркі әлемі

Екеуіне қарасқан, - деп басталатын жырды тебіренбей оқи алмайсың. Тебіренбей оқи алмайтын себебің – түркілердің даңқының бүкіл әлемді шарлап кетуі еді. Жыр одан әрі:

Қол астына жиылып,
Қол астынан тарасқан.
Апақ – сапақ іңірде
Олар салған дүбірден
Қаптап жатқан қалың жау
Шыбын жаннан түңілген.
Дырдай болып келгенмен,
Бордай болып үгілген.
Басы барлар иіліп,
Тізесі бар бүгілген.
Бүгілген де, жүгінген.
Қадырханың – Шығыста,
Темір қақпаң – Батыста,
Бәріне олар ту ілген... – деп жырланады.

Көз алдында жер үшін, ел үшін шайқас, алапат соғыс суреттері жүріп жатады. Түркі әскерлерінің өліспей беріспейтін екпіні тау бұзатындай қимылы, ержүректігіне риза боласың. Жырды оқыған сайын ен даланы дүбірлеткен қимылдары кеудеңді мақтаныш сезімге бөлейді.

Найзаларын ұштаған
Екеуі де ұста хан.
Бассыз жатқан түркіні
Басын қосып ұстаған.
Берік болған тізгінге,
Бірақ жұртын қыспаған.

Еркін көшіп жайлаған,
Еркін қонып қыстаған.
Әділ болса – күшті хан,
Әділ болса – күшті адам,
Құтылмаған жазықты,
Жазықсыз бас ұшпаған.

Жырдан түркілердің әділеттікті қолдаған, әділетсіздікке қарсы болған адамгершілік дәстүрі сезіліп тұр. «Берік болған тізгінге...» - түркілердің салт-дәстүрге беріктігі, сырттан келген жауларға қаталдығы сипатталады. «Еркін көшіп жайлаған...» - көшпелі халық екенін дәлелдейді. «Құтылмаған жазықты, жазықсыз бас ұшпаған...» - түркілердің опасыздарға кешірілмес қасиеті сезіледі.

Ал түркілердің арасындағы алауыздықтың салдарынан елдің сырт жауларға бодан болуы, дұшпандардың түркі батырларының арасындағы келіспеушілікті пайдаланып кетуі, оның кейіні берекесіздікке ұласып, елдің тоз-тоз болып бытырап кетуі сипатталады.

«...Берік тізгін босаңсып,
Ата жауы бекіпті.
Бұдан дұшпан, әрине,
Бір ұтпады, екі ұтты.
Сөйтіп түркі тұқымы
Тоз-тоз болып кетіпті.

Өстіп олар жым болды,
Қаралы бір күн болды.
Жүрек жұтқан ерлердің
Жігерлері құм болды.

Аяр жауға амалсыз
Ардагерлер құл болды.
Қаны бөлек халыққа
Күн – сұлулар күң болды.
Қалың елін билеген
Қаhан тағы тұл болды.
Түркі атын жоғалтып,
Бектерге бір сын болды.
Жау таңбасын тағынды,
Жарты ғасыр бағынды.
Жоғын жоқтап Табғаштың
Талай қақты дабылды.
Майдан ашып шығыста
Бөклі ханға шабынды.
Темір қақпа батыста,
Оған тағы сабылды.
Мұнша күшпен Табғашқа
Неге түркі жағынды?!
Неге түркі бағынды?!» –

деп қалың жұрт шағынды.Түркілер жаудың батырған тізесін дірілдетті. Ес жиып бодандықтан құтылуға бекінді. Алауыздық деген түркілерге жат қасиеттің елді апатқа ұшырататынын сезді, көзімен көрді. Табғаштарға табынып өмір сүру түркілердің намысына тиді. Дұшпанның өрескел қатыгездігі мен зұлымдығы түркілерді бір тудың астына жиылуға ықпал етті. Бұл жырда былайша сипатталады:

Кім үшін жер жаулаймыз,
Кімнің дауын даулаймыз?
Кім үшін тер төгеміз,
Кім үшін аң аулаймыз?

Біреу үшін біз неге
Түсіп жатқан баудаймыз?
Ел едік бір іргелі,
Енді, міне, қандаймыз?
Неге біздер бұл күнде
Жетектегі малдаймыз?
Неге біздер тізгінді
Қолымызға алмаймыз?!
Өстіп олар күйінді,
Кебенегін киінді.
Табғаштарға табыну
Түркілерге қиын-ды.
Болмайды ғой дұшпанға
Билетуге үйінді!
Қандарына қарайып,
Қабақтары түйілді.
Қара жерге қол артып,
Көк аспанға сиынды.
Сөйтіп жауға қарсы бір
Аттануға жиылды...
(Н.Келімбетовтен сілтеме керек)

Туған жер өзен-көлімен, тауы-тасымен, Сарыарқа даласымен киелі саналады. Түркілердің азаттықты аңсауы, бостандық жолындағы күресін сол өзен-көлі, тау-тасы, орманы мен суы, ұлан-байтақ даласы қолдайды. Елбіге ана мен Елтеріс батырдың басшы болуы түркілерге күш-қайрат береді. Осындай киелі ұғым жырда былайша жырланады:

Сұңқардай ел сондағы
Екі иығын қомдады.
Бұл ниетін халықтың

Өзен – көлі қолдады.
Тау мен тасы, орманы,
Кезең – белі қолдады.
Ақ Елбіге – анамыз,
Ер Елтеріс – бабамыз
Басшы болып жұртына
Күш – жігерін сомдады.
Он жеті адам басында,
Одан артық болмады.

Бодандық қамытын киген түркілер бостандықты аңсады. Жауға қарсы майдан ашылды, жаумен соғысуға әскер жиылды. Он жетіден жеті жүзге жетті. Азаттық, еркіндік үшін жанталасқан соғыс басталды, бұл қасиетті соғыс болды.

Өлдік жауға бағынып,
Деп бурадай шабынып.
Қаhан - әкем шыққан соң
Қару-жарақ тағынып,
Қан майданды батырлар
Қалған екен сағынып.
Қаладан hәм даладан
Келіп жатты ағылып.
Жетпіс болды он жеті,
Жау жүректер табылып.
Өңшең көкжал қозыға
Қалай жүрген табынып?!.

Қ.Мырза Әлидің «Күлтегін» жыры әрбір жасөспірімнің бойына қуат дарытып, ата-бабалар тарихын, ел тарихын білуіне септігін тигізері хақ. Азаттық пен еркіндіктің қандай ауыр жолмен келгендігін сезінуге бағыт береді.

Ләззат ШАХИНА,
Орал қаласындағы
№44 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӘКЕН – АЗАМАТ АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

«...Менің ірі тұлғалы Сәкенім, ең алдымен, арлы азамат еді. Ендеше, ол еріксіз елінің тұтқасы, болмыстың ұйтқысы болуға тиісті-тін.

Кедейді жеткіземін, кемшілікті түзетемін деу – сол кездің ұраны болатын. Сол ұранға адал, сол уағызға берік болды Сәкен. Кешегі отаршыл империяның құлдығындағы елі Автономиялық Республика туын желбіреткенде алғашқы үкімет басшысының бірі болып, халқын оқу-білімге, ғылым мен өнерге қаулысымен де, қаламымен де, ісімен де, жігер-күшімен де шақырған өзі болды. Сондағы ылғи ойлайтыны – қазақ тез көтеріліп, өзге ұлттармен тезірек терезе теңестірсе екен деген арманы», - дейді С. Сматаев

Шындығында да, С.Сейфуллиннің есімі тарихтың ұлы бір белесінде туды да, қазақ халқының жаңа жағдайдағы қоғамдық дамуы мен жаңаруы

дәуірінің шежіресіне үлкен әріппен жазылып кірді. Ол өзінің көркем шығармалары арқылы дүниеге, өзінің отандастарына, туған халқына дәуірдің жаңа сөзін айтты. Сәкен өз шығармашылығында туған әдебиетінің гуманистік-демократтық үлгілерін соңғы ғасырлар ішінде қазақтың ұлттық мәдениетіне пайдалы ықпал ете бастаған орыстың классикалық әдебиетінің озық идеяларын мол пайдаланып, оны әдебиет пен қоғамның бүгінгі міндеттерімен байланыстыра білді. Оның алғашқы өлеңдерін Абай үлгісінде бастауы, төңкеріс жылдары Пушкин мен Лермонтовтың, Некрасов пен Кольцовтың азаттық сүйгіш жырларының интонациясын пайдалануы осыны анық байқатады. Орыстың революцияшыл гуманизмін бойына сіңіре білген ол халқының қараңғыдағы, езгідегі өмірін шығармаларына арқау ете отырып, жаңа өмірді аңсады. Сәкен Петроградта Аврора үні естілген кезде майданға қоса аттанып, жаңа заман орнату ісіне өз қолымен қатысты. Осы жағдайлар Сәкенді жаңашыл азамат, жаңашыл ақын етіп қалыптастырды.

Сәкен жаңашылдығының үлкен негізі - оның қазақ топырағында бірінші болып революцияға қатысуы және оның белсенді жыршысы болуымен байланысты еді.

Сәкеннің алғашқы ақындық үні төңкеріс жолына шыққан күрескерлерге арналды.

Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық.

Болмағанды болдырайық дүниеге,

Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық, - деп ол қазақ жастарын болашаққа шақырды. Колчактың түрмесінде кешкен азапты күндерінде ол «көкірегі шерге толып», «өңкей сорлы елімен» кездесуді аңсады. Азаттықтың асау тұлпарын мініп, жауға аттанар күнді аңсады. Оның осы тұста жазған «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар» өлеңдері мазмұны жағынан дүние жүзілік пролетариаттың революцияшыл жырларымен туысып жатады. Қазақ даласына революцияның келуі және оны қабылдаудың қиындықтары мен күрделілігі, осы жолда есейіп жетілген жаңа типті күрескер азаматтар бейнесі, Сәкеннің поэзиясымен қатар, сол дәуірде жазылған пьесаларында да, прозалық шығармаларында да негізгі тақырып болды. Бұл тұрғыда оның «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары мен «Жұбату», «Айша», «Жер қазғандар», «Тар жол, тайғақ кешу» атты әңгіме, повесть, романдары ерекше орын алады. Осы шығармаларымен Сәкен қазақтың дәстүрлі поэзиясын жаңа мазмұнмен байытып, жаңғыртты. Төңкерісшіл драма мен прозаның негізін салды. Қазақтың жаңа әдебиетінде әрі М.Горький, әрі В.Маяковский қызметін атқара отырып, Сәкен шын мағынасындағы ұлттық ақын болып қалды. Сәкен қазақ поэзиясында лирика мен эпиканың арасын жақындастыруға қызмет еткен ақын болды. Оны ақынның көптеген өлең поэмаларынан байқауға

болады. Мысалы, «Бұлшық ет» өлеңінде:

Айғырдың тоқпақ жалындай,
Бөкеннің серке санындай,
Қайыңның қырған безіндей,
Шортанның жұмыр беліндей...
Бұлшық етті білек пен
Балтырдан күшті дене жоқ! – деп ерекше көркемдікпен сипаттайды.

Ол қазақтың дәстүрлі сюжетті поэмасын романтикалық сарындағы лирико-публицистикалық поэмалармен байытты. Бұл салада, әсіресе, «Советстан» шығармасы арқылы қазақ әдебиетіне келген жаңалықты ерекше бағалау керек. Жаңа өмір туралы жырларын Сәкен зырлап келе жатқан жүйрік поездың үн-ырғағымен сәйкес келетін жаңа формада жазды. Осы үлгідегі жаңа ізденісті оның «Альбатрос» поэмасынан да көруге болады. Ақынның мұндай ерекшелігі туралы С.Қирабаев: «С.Сейфуллин – шын мағынасында, өз өлеңдерінде өндірістің өсу қарқыны мен зауыттың гуілдеген үнін, трактордың гүрілі мен машинаның дүрілін адамның көз алдына елестетерліктей жаңа формада берді», - дейді. «Тар жол, тайғақ кешуде» Сәкен қазақ халқының, оның ержүрек ұлдарының осы тұста басынан кешкен өмірін тарихи деректер негізінде әңгімеледі. Сәкен жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің басында тұрып қана қойған жоқ, оған үлгі болар бағыт-бағдар берді. Жаңа жанрларды жасауға белсенді қатысты. Өзінің саяси-идеялық, шығармашылық ұстанымдарымен де

Сәкен жас қаламгерлердің көбіне әсер етті. Олардың ішінде М.Дәулетбаев, Ж.Сыздықов, Е.Бекенов, Қ.Әбдіқадыров, Ғ.Мұстафин, А.Тоқмағамбетов, т.б. болды.

20-жылдардың аяқ кезінен бастап Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында сабақ берген кезде де Сәкен алдынан көп шәкірт-әдебиетшілер өтіп, тәрбие алды. Сәкеннің ҚазПИ-де оқыған шәкірттерінен Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Х.Есенжанов, Ғ.Орманов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Қ,Бекхожин, Ж.Саин, т.б. атауға болады. «Адам арманы – сегіз қырлы, бір сырлы болу», - дейді қазақ жазушысы Х.Есенжанов. Сәкен – күрескер. Сәкен – ақын, Сәкен – ұстаз, Сәкен – сазгер. Сәкен - әдебиет зерттеушісі, ғалым. Сәкен – мемлекет басшысы. Сәкен – қоғам қайраткері. Сәкен – журналист, редактор. Сәкен - сегіз қырлы бір сырлы. Сәкеннің өмірі – үлгі, ісі – ұлағат, сөзі – ақиқаттың айнасы. Көркем шығармасы – жаңа өмірдің көркем үні, көркем бейнесі, жаңа әдебиеттің бастауы. 20-дан асқан шағында есімі бүкіл халқына мәлім болып, өзінің жан сұлулығымен, адамдық сезімінің мөлдір тазалығымен, ақындық өр үнімен революция дәуірінің жыршысы атанған Сәкен шын мағынасында қазақ халқының ұлттық батырына айналды. Ал оның әдебиет саласындағы еңбектері әдебиетімізге тың жол салды.

Сәкен жөнінде замана қайраткерлерінің де, қаламдас достарының да жақсы пікірлері сақталған. Бейімбеттің, Ілиястың, Мұқтардың, Сәбиттің,

Ғабиттің мақалалары, естеліктері бар. Оларда Сәкеннің жан-жақты қоғамдық, әдеби қызметі, адамгершілігі жайында қызықты деректер мол. «Оның шыншылдығы, - деп жазды М.Әуезов – қызып, жанып отыратын, буы білініп тұратын, барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан бұның жолы - әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы» («Қазақ әдебиет» 1936 жыл 12 шілде)

Сәкен жөнінде көп жазып кеткен адамның бірі – Ғ.Мүсірепов еді. Ол естеліктер де, мақалаларда, көркем шығармалар да жазып, Сәкеннің әдеби бейнесін жасауға көп еңбек сіңірді. «Сәкен азамат ақын, жазушы, қоғам қайраткері, мемлекет басшысы ретінде, меніңше, ешкімге жақсылықтан басқа нәрсе ойламайтын», - депті Ғабит. «Сәкен анаған қарсы болды, мынаған қарсы болды», - дейді ғой. Бұның көпшілігі – Сәкеннің атымен жасалған істер» (Т.Кәкішев «Ескірмейтін естелік» 1994 271 бет). Сонымен қатар Ғ.Мүсірепов Сәкеннің «зор адамгершілігін, іштей көп нәрсені ойлап, көп нәрсеге толғана жүретінін» еске алады. «Бесеудің хатынан» кейін Сәкен маған ерекше көңіл танытты,- дейді одан әрі Ғабең – Сәкен мені алақанына салып алардай қуанды ... – Егер шындықты айта алмасаң, жазушы болып неге керек, адалын айт, адалыңнан өлсең, арманың бар ма?» – деді.

Мұның бәрі революцияға араласу, оның жолын ұстану, адам, ақын, қоғам қайраткері Сәкеннің халықтың еңбегіне, беделіне, азаматтық тұлғасына нұқсан келтіре алмайтынын дәлелдейді. Ол не істесе де, елім, халқым деген адал, ақ көңілмен істеді. Халық мүддесіне жат саясатқа ашық қарсы тұрып, халқы үшін жанын құрбандыққа шалды. Оның бүкіл өмір жолы, қолы жеткен табысы, жіберген қателігі - сол халқымен, революцияны жақтаған топпен, тұтас бір жаңашыл ұрпақпен, қалың көппен бірге өтті.

Сәкен ұлт әдебиетінің жаңа бағытын бастаған адамдармен ниеттес болды, достасты, солармен бірге жаңа әдеби дәстүр қалыптастырды. Қазақтың төл әдебиетінде Б.Майлин мен І.Жансүгіровті қатарына алып, өмір, еңбек жолын бірге өткізді. Жас кезінде, революцияның тар жолында әр түрлі бағыт ұстанғанмен, кеңес өкіметін мойындап келген Ахмет Байтұрсынұлына да ол құшағын жая қарсы алды.

Мағжанның Алматыға келуіне көмектесті. Оны Сәкеннің қалай қарсы алып, бауырмалдық көрсеткенін замандастарының естелігінен де, тарихи мәліметтерден де білеміз. Осының барлығының ар жағында үлкен жүректі, пейілі кең, халқым деген Азамат тұр. Ол ақындығымен де, қайраткерлігімен де, адамгершілігімен де тарихи дәуірдің Ұлы ұрпағының есебіне кіреді. Оны шын атымен Сәдуақас демей, «Сәкенім» деп анасы сүйіп қойған есіммен ардақтаған елі, қазақ халқы еш уақытта ұмытуға тиісті емес.

Сандуғаш ОРАЗОВА,
Алматы қаласындағы
№139 бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі.

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ӨНЕГЕ

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәрбиесі мен игі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңірту, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыру.

Жас буынға тура жолды, әдептілік жолын көрсету, оған қоғамдағы ең жақсы адам әдепті адам, ол қоғамның баға жетпес байлығы, мәртебесі екендігін ұғындыру. Әдепті баланың абыройы жоғары, тұрмысы сәнді, тіршілігі шуақты болады.

Балабақшаларда «әдепті», «әдептілік» түсініктері төңірегінде әңгіме ойындар ұйымдастырып, ертеңгіліктер өткізілгені дұрыс. Мәселен, суды ластау, талды кесу, бұлақтың көзін ашпау, жолдағы тасты алып тастамау, көкті жұлу, аққуды ату, суға түкіру – барып тұрған әдепсіздік. Сондықтан әдеп сақтаудың экологиялық астары бар. Әдепті адам табиғатты қорғай біледі. Табиғаттың әсемділігі мен сұлулығына, әдемілігіне әр адам кір келтірмеуге міндетті.

Әдеп сақтау – мінез-құлық пен қарым-қатынастың қалыптасқан, халықтың мінез-құлық ережесі. Әдептілік – ізеттілік, кішіпейілділік, көпшілдік деген сөз.

Отбасында әдептілікті әлеуметтік қарым-қатынастың негізі ретінде әрбір адам қатаң қадағалайды, мұны бұзушылыққа жол бермейді, ұрпағынан қалыптасқан ережені заң деп түсінуді талап етеді.

Қазақ – күн болсын, түн болсын, есігіне құлып салмаған халық. Тәуліктің қай мезгілінде келгеніне қарамастан, көлденең келген көк аттыны жылы жүзбен қабылдап, дастархан жайып, бар мәзірін алдына қойып күту – халқымыздың санасына мықтап орнаған имандылық, қайырымдылық, әдептіліктің көрінісі, шынайы адамгершіліктің белгісі.

Халқымыз қонақты ілтипатпен қарсы алу, оны күту, құрметпен шығарып салу дәстүрін ерекше қастерлеп, оны ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде үйретіп, мұны отбасы тәрбиесінің басты бір саласы деп түсінген. Халық «бір отбасында нешеу болсаң, бір-біріңе қонақсың», бір-біріңді сыйласаң, жан семіреді деп, қайырымдылық қасиетті ұрпақтарына өнеге етіп, қадір тұтып қастерлеп келгенін балаларға үнемі айтып отыру керек. Осы тұрғыда балаларға сұрақтар қою, оған берген жауаптары арқылы отбасындағы тәрбие негізінде білуге болады.

- Әдептілік деген не? Оны қалай түсінесің?
- Әдепті бала болғың келе ме?
- Әдепсіз бала қандай болады?
- Әдептілікті кімнен үйренесің?
- Қонаққа барғанда өзіңді қалай ұстайсың?
- Телефонмен сөйлескенде ше?
- Асханада, балабақшада, көшеде өзіңді қалай

ұстайсың?

Осы сұрақтарды қорытындылай келе, «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» екендігіне түсінік беріп, «Әдептілік – әдемілік» екендігіне көздерін жеткізуге болады. Егемендіктің негізінде қазіргі бүлдіршіндеріміздің санасына, «ата салтымыз біздің арымыз» екендігін сіңіру – басты міндетіміз.

М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»деп бекер айтпаған. Қазақ бала тәрбиесіне ата салтымыз негізінде орайластыра қараған.

Халқымыздың сал-дәстүрі негізінде баланы ана құрсағынан бастап тәрбиелеген – халқымыз. Ұлы ғұлама Әбу Ғали ибы Синанахыу алдына бір әйел келген екен. Қолында дүниеге келген баласы бар. «Ұлымыз сіздей болсын, тәрбиесін өзіңіз алсаңыз дейді». «Ұлыңыз қашан дүниеге келген еді?– деп сұрайды ғалым. «Ұлым кеше дүниеге келген» дейді әйел. Ғұлама ғалым «Әттеген-ай, бала тәрбиесінде бір күн кешігіпсіз» деген екен. Халқымыздың мақал-мәтелдерінде бала тәрбиесіне үлкен мән берілген. «Баланы – жастан», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген сияқты мақалдар мазмұны жас ұрпақты жақсылыққа баулу, өнер-білімге шақыру, сөйлесу мәдениетін үйретуге, ата салтын қадірлеп, қастерлеуге уағыздайды. Сол сияқты «Жақсы адам – ел ырысы», «Әдептілік – адамның белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мағынасы өте терең. Адамға ең бірінші керегі – тәрбие. Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын

ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Өйткені өскелең ұрпақ ұлағатты сөздермен, тыныс-тіршілікпен, дәстүрмен тәрбиеленеді.

В.Соловьев «Адамгершілік бұл адамның екінші адамға сайлай салатын заты емес, ол – өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған.

Тәрбие – өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы. Еңбекке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, құқықтық тәрбие, экологиялық тәрбие, экономикалық және дене тәрбиесі. Осы барлық тәрбиенің өзегі – адамгершілік тәрбиесі, ол осы аталған тәрбие түрлерімен бірлікте, демек, адамгершілікпен қоса барлық тәрбие түрлері бірлесе келе, адамгершілік сапаларын және адамзат құндылығын қалыптастырады. Сондықтан тәрбиеші – мұғалім, отбасы жасөспірімді саналы тәртіптілікке тәрбиелеуі керек. Әрбір жанұяда ата-ананың жетегімен болашақ азамат, ертеңгі қайраткер, күрескер өсуде. Ата-анасының абыройының негізі балаларының жеке бастарының мінез-құлқы, іс-әрекеті, жолдастарымен қатынасы, жүріс-тұрысымен өлшенеді, баланы адамгершілікке тәрбиелеуде жанұяның рөлі зор екендігін айта отырып, болашағымыз салауатты болсын десек, ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайық.

Нұрхан ТОҚБУРАЕВА,
Абай атындағы мектеп-лицейінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Тұрар Рысқұлов ауылы.

ТАЛАПКЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тілі пәнінен алған білімдерін бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың іскерлік дағдысын дамыту, ізденімпаздық, танымдық қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – сыйластыққа, бір-бірінің пікірін тыңдауға тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ.

Әдісі: ішінара іздену, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: интерактивті тақта арқылы слайдтар, сызбалар, портрет.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сынып екі топқа бөлініп, екі қатарға бетпе-бет отырғызылады.

І кезең. «Бәйге».

«Бәйге» кезеңіне әр топтан 2 оқушыдан сұралады. Әр оқушыға 10 сұрақтан қойылады. Сұраққа жауапты 1-2 минутта түгел беріп үлгеру қажет.

1-топқа:

1.« Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» авторы кім? (А.Құнанбаев).

2. Тыныс белгілерді ата (, : - !) .

3. Оқшау сөз сөйлем мүшесі бола ма?

(Жоқ).

4. Термин сөздер нешеге бөлінеді?

(3).

5. Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

6. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер»... Авторы кім?

(Асанқайғы).

7. Қопарыла септелу дегеніміз не?

(Оған).

8. Қатыстық сын есімге мысал құрастыр?

(Өнерлі).

9. Ассимиляция нені зерттейді.

(Дыбыс үндестігін).

10. Толықтауыштың түрлерін ата?

(Тура, жанама).

2-топқа:

1. Тұрақты сөз тіркесі қаншаға бөлінеді?

(Идиома, фраза).

2. Ырықсыз етістің жұрнағы?

(Ыл, іл, л).

3. Көмекші сөздердің түрлерін ата?

(Көмекші есім, көмекші етістік, шылау).

4. Зат есімнің рең мәнін өзгертетін жұрнақтар?

(-й,-тай,-апай).

5. Термин сөз нешеге бөлінеді? (3).

6. «Бірінші тілек тілеңіз», авторы кім?
(Бұқар жырау).
7. Жедел өткен шақтың жұрнағы?
(-ды, -ді, -ты,- ті).
8. Аналетикалық тәсілді ата?
(Жалғаусыз, орын тәртібі).
9. «Қамар сұлу» романының авторы?
(С.Торайғыров).
10. Айқындауыш мүше нешеге бөлінеді? (2).

II. Орынынды тап:

М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңінен үзінді оқылады.

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Үлестірме кәртішке таратылады.
Оқылған өлеңнен зат есімдерді топтап жазу.

Зат есім	Жалпы	Жалқы	Деректі	Дерексіз	Негізгі	Туынды
Бақыт халық						

III. Альтернативті тест:

1. Сабақтас құрмаластың басыңқысы бірінші тұра ма?

а) ия; ә) жоқ.

2. Сабақтас құрмаластың бірінші жай сөйлемі тиянақсыз болама?

а) ия; ә) жоқ.

3. Салалас құрмаластың бірінші жай сөйлемі бағыныңқы бола ма?

а) ия; ә) жоқ.

4. Тура толықтауыш көмектес септігі арқылы байланыса ма?

а) ия; ә) жоқ.

5. Қатыстық сын есім “кім?” деген сұраққа жауап бере ме?

а) ия; ә) жоқ.

6. «Келісімшарт» ресми іс қағаздары стиліне жата ма?

а) ия; ә) жоқ.

7. Үн мен салдардың қатысынан дауысты дабыстар жасалады ма?

а) ия; ә) жоқ.

8. Қырық, оқтау сөздері омоним бола ала ма?

а) ия; ә) жоқ.

9. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасы романға жата ма?

а) ия; ә) жоқ.

10. С.Көбеевтің «Қалың мал» романы трагедия-мен аяқтала ма?

а) ия; ә) жоқ.

IV. Сөйлемге морфологиялық және синтаксистік талдау жаса

I топ. Жұлдыз сырғалар сәусілдеп аспан көгіне тізілді.

II топ. Қыр астынан мәлін ұлып, шиебөрілердің жылаған дауысы естілді.

V. Шығармашылық жұмыс. Екі топтың тіл байлығын бақылау.

«Қазақстан тәуелсіздігіне – 20 жыл» тақырыбында қысқаша шығарма жазу. Шығармада табу, тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтелдер, оқшау сөздерді қатыстыру қажет.

VI. Семантикалық карта. «Кім жылдам?».

Салалас,сабақтас құрмаластың түрлерін тап.

Мағыналық жағынан түрлері / Мысал	Ыңғайлас	Себепсал.	Қарсылық	Түсіндір.	Талғаулы	Кезектес
1 .Опасыз адам жел сияқты: алдында құдық барда артыңнан итереді. 2.Құлыңды көп жәбірлеме, қожа бұғауланып, құл бостандық алатын да күн туады. 3.Бас болмақ оңай, бастамақ - қиын. 4.Елбасының бағдарламасы жарияланды, халық қызу қолдады. 5.Өлеңді не Ермек өзі айтсын немесе бәріміз айтайық. 6.Біресе машина дүрілдейді, біресе жұмысшылар даурыға айқайлайды.						

Мағыналық жағынан түрлері / Мысалы	Шарт-ты бағын.	Қар-сы-лық.	Мез-гіл	Мақ-сат	Қи-мыл-сын бағ.	Се-беп бағ.
1. Біреу күн шықпастан бұрын, тау жақтан желдіріп келеді. 2. Анықтығына көз жеткізбейінше, шешім шығарма. 3. Біз иесіз тауда жатқан қазынаны биыл меңгермек болып, зор қимылды бастағалы отырмыз. 4. Қарақоға көз ұшында көрінгенмен, біздің ауылдан екі-үш шақырым шамасы бар. 5. Сұрғылт тұман дым бүркіп, Барқыт бешпент сулайды. 6. Рабиға әбден шаршағандықтан, Жамалдың сұрағына жауап бермеді.						

Қорыту.

Не білдік? Нені білгіміз келеді? Бүгінгі сабақ бізге ұнады ма?

Бағалау.

Үйге тапсырма: Б.Майлин «Шұғаның белгісі» прозалық шығармасынан 5 сөйлемге синтаксистік талдау жасап келу.

Құрмангүл БАЯХМЕТОВА,
Безродных атындағы
орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Алакөл ауданы.

СИНОНИМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – синоним тақырыбы бойынша оқушылардың алған теориялық білімдерін бекіту; дамытушылық – оқушылардың суретпен, мәтінмен жұмыс істеуге, сабаққа деген қызығушылықтарын, ізденушілік белсенділіктерін арттыру; тәрбиелік – мысал мен мәтін арқылы оқушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау, әңгімелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта Activ Board 78, Activote құрылғылары, слайдтар, мамандық иелеріне арналған суреттер, тест, графикалық диктант.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушылармен амандасып, түгелдеу.

ә) «Тілек айту» тренингісі.

б) Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы арқылы саты-саты бойынша құрастырылған тапсырмаларды орындау арқылы біз синоним тақырыбын бекітеміз.

II. Тақырыпты бекіту.

Сатылай кешенді талдауға жасалынған «Синоним» сызбасы арқылы тапсырмаларды орындау.



Сатымыздың бірінші тапсырмасы төмендегідей:

Берілген синонимдерге синонимдік қатар жазу қажет.

Сұлу, ... , ... , ..., ... (әдемі, әсем, көркем, әрлі, ажарлы, шырайлы, келбетті, көрікті, реңді, өңді, т.б.)

Қуану, ... , ... , ... (шаттану, масаттану, масайрау, мәздену, мазаттану, т.б.).

Бірінші сатының тапсырмасын орындап шықтық, ендеше келесі саты тапсырмасын орындайық (әр саты бойынша қорытынды жасап тұру).

2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Қазақ тілі сабағында қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің сабақтастығын көрсету мақсатында «Мемлекеттік рәміздер» мәтіні алынып отыр. Оқушылар мәтіннен асты сызылған сөздерді оқып, синоним айтулары тиіс.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік рәміздерін қабылдауды талап етті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Тудан қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тәуелсіз – егеменді; ту – байрақ; қыран – қырағы, көреген, жіті; заман – кезең, уақыт, дәуір; ғұмыр – өмір.

Екінші саты тапсырмасын ойдағыдай орындадық. Үшінші саты да – жұппен орындайтын тапсырма.

3-тапсырма. Оқулықпен жұмыс. Оқулықтың 21-бетінде берілген 1.3.-жаттығуды орындау.

Қысқа жіп, шолақ жең, келте шаш;

Үнемі басқару, ылғи кешігу.

Бұл тапсырманы оқушылар тест түрінде орындап, жұп-жұбымен тексеріп, бір-біріне баға қояды.

Бір-біріміздің тапсырмаларымызды орындап шықтық, олай болса келесі саты тапсырмасына көшейік.

4-тапсырма. Оқушыларға сұрақ қоя отырып, жауаптарына синонимдік қатар айтқызу (мамандықпен байланыс).

Суретте кім бейнеленген? (Иә, дұрыс айтасыңдар – дәрігер. Дәрігер сөзіне

қандай синоним сөздерді білесіңдер? Ақ халатты абзал жан, емші, емдеуші, дарушы, дарымшы).

Дәрігер кімді емдейді? (ауру, сырқат, науқас, кесел, дімкәс, дертті адамды).

Ал, мына суретте кім бейнеленген? (Иә, дұрыс айтасыңдар – мұғалім.

Мұғалім сөзіне қандай синоним сөздер бар? (Ұстаз, педагог, оқытушы).

Мұғалім кімді оқытады? (оқушыны). Ал, ендеше, балалар, сендер бүгінгі оқушы, ертеңгі кәсіби маман иелерісіңдер.

Сатылы тапсырмаларды орындау арқылы біз сатының келесі бір тапсырмасына да жеттік.

5-тапсырма. Графикалық диктант. Синоним сөздердің сыңарын табу.



Яғни, графикалық диктантты шешу арқылы оқушыларды тәуелсіз еліміздің болашағы жастар қолында, білімді, жан-жақты оқушыға ғана аңсаған армандарына, білім көгіне жете алатындығын айту қажет.

Сатымыздың соңғы тапсырмасына да жеттік. Алдарында жатқан тест құрылғыларын қолдарыңа алып, интерактивті тақтадағы тест сұрақтарын мұқият оқып, дұрыс жауап беріңдер.

6-тапсырма. Тест жұмысы.

Синоним дегеніміз –

А) Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер;

Ә) Қарама-қарсы сөздер;

Б) Жазылуы әр түрлі, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.

«Даңқ» сөзінің синонимін тап:

А) Мықты;

Ә) Атақ;

Б) Дәулет.

«Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?

А) Сын есім;

Ә) Зат есім;

Б) Үстеу.

«Адам» сөзінің синонимін тап.

А) Шәкірт;

Ә) Дос;

Б) Кісі.

Синонимдік қатардың дұрысын тап:

А) Күлу, сықылықтау, жылау;

Ә) Зат, мүлік, нәрсе, бұйым;

Б) Көне, жаңа, ескі.

III. Сабақты қорытындылау.

Бүгінгі сабағымызда синоним тақырыбын бекіту арқылы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясын пайдалана отырып, сатысаты бойынша тапсырмаларды орындап шықтық.

Сабақта тапсырмаларды орындаған, сұрақтарға жауап берген белсенді оқушыларға баға қою.

IV. Үй тапсырмасы: оқушылардың мамаңдықтары бойынша синоним сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін құрастыру.

Гүлжан ПӘШЕНҚЫЗЫ,
Т.Рысқұлов атындағы
жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Түлкібас кенті.

«ТІЛІМ МЕНІҢ – ТҰҒЫРЫМ»

(«Брейн-ринг» лингвистикалық ойыны)

Мақсаты: білімділік – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілін білу арқылы ұлтаралық қарым-қатынасты, мәдениетті, дипломатиялық қарым-қатынасты жақсартуына мән беру, үш тілде еркін сөйлей отырып, ұқсастығы мен ерекшелігін білу; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін шыңдай отырып, шешен сөйлей білуге баулу; **тәрбиелік** – әрбір халықтың озық үлгілерін таныту арқылы баланы сол ұлтқа құрметпен қарауға тәрбиелеу және тілге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: көрме, үш тілдегі әдеби шығармалар, қанатты сөздер.

А) «Ана тілің –арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

/ Қадыр Мырза Әли /

Б) Нам дан во владение самый богатый, меткий, могучий и поистине волшебный русский язык.

/ К.Паустовский /

В) “A Language is not a subject which can be taught, it is a subject Which must be learn, we learn to perform any skill by actually performing it”

/M.West/

Түрі: «Брейн-ринг» лингвистикалық ойыны.

Жүргізілу барысы:

I. Кіріспе сөз (Үш тілде).

А) Орыстың зерттеуші ғалымы Радлов былай деген екен:

«Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде. Қандай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіріп, қарсыласының сөзіне де шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі». Қадыр Мырза Әли ағамыз айтқандай: «Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп түр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!»,– дей отырып, сыныптар арасында «Бейн-ринг» ойынын бастағалы отырмыз.

Б) Как говорил К.Паустовский: «Нам дан во владение самый богатый, меткий, могучий и поистине волшебный русский язык».

И пусть победит сильнейший и не будет огорчений, а только радость за себя и друзей.

В) Cood morning dean collegers, teachers and students. J Like this languager. You know English language has the main role In our life. English language is an official particular and the language of the world. At the end of my speech I want to say.

I f you know one Language If s very for you.

I f you know two languages If s very prestige for yow.

I f you know three languages youare very genius man.

I f you know three languages you are very rich man.

And every pupil must learn and English languages as Kazakh and Russian.

Қазылар алқасымен таныстыру.

(Келген қонақтардан сайлау)

Ойынның шарттарымен таныстыру.

А) Жалпы сұрақтар:

«Менің елім – Қазақстан».

Әр тілде 10 сұрақ. Жауап үш тілде беріледі.

Б) Мақал-мәтелдер.

Алғашқы жолы айтылады. Оқушылар екінші жолын үш тілде жалғастыру керек.

(5 мақал-мәтел).

Әр топ екі мақал-мәтелден осындай тәртіппен бір-біріне айтады (2 мақал).

В) Фразеологизмдер.

Суретке қарап үш тілде жауап беру. Топ мүшелері қағазға сурет салып, қарсыласына көрсету. Үш тілде шешуін табу (2-сурет).

Г) Суретке қарап, мәтін құрастыру.

Топ мүшелері ойын барысында салған суреттерін көрсету. Екінші қарсыласы суреттеп айту керек.

Ғ) Блиц сұрақтар:

Д) «Сөз тапқанға қолқа жоқ». (Сөз жарысы).

Оқушыларға әріптер салынған конверттер беріледі. Тапсырманы орындау.

Е) Үй тапсырмасы. Жарнама. Реклама. Advertisement.

Оқушыларға алдын ала тапсырмалар беріледі.

1-топқа. 11-сыныптар. Үн өңдеу комбинаты (Ұн)

2-топқа. 10-сыныптар. Жеміс-жидек зауыты (Жеміс-жидек, сусындар).

Ән. Әр топ ән айтады.

I топ. 11-сыныптар (орыс тілінде) «Мы желаем счастье вам».

II топ. 10-сыныптар “Yeons Day”.

Екі топ бірігіп «Армандастар» өлеңін айтады.

Қорытындылау.

1. Қазылар алқасының қорытындылау бағасын білу. .

2. Ойынның аяқталуы.

3. Қонақтар мен мұғалімдердің пікірін тыңдау.

Құралай УАҚИТҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
№41 мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Мақсаты: *мемлекеттік тіл – қазақ тілін қадірлеп, қастерлеуге баулу және білім деңгейлерін шыңдау.*

1-слайд. **Қазақстан – Республикам менің.**

* (Қ.Р. әнұраны + Қазақстан туралы слайдтар топтамасын көреміз), 2 мин.

Мұғалім:

- Ана тілің – арың бұл,
  Ұятың боп тұр бетте.
  Басқа тілдің бәрін біл,
  Өз тіліңді құрметте! (Қадыр).

***«Қазақ тілі – көне тіл» - слайд-шоу,** 2 мин.

2-слайд. **Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.**

Аяжан:

- Тіл – өте маңызды құрал. Тіл болмаса адам өз ойын біреуге жеткізе алмас еді. Өйткені тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері бізге ана тіліміз арқылы жетеді. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-

бабамызды,тарихымызды ұмыту. Қазақ тілі – өте бай әрі көркем тілдердің бірі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы (өлең оқиды).

Данияр:

- Тілім барда қазағым бар, халқым бар,
Дәстүрім бар, ата жолы, салтым бар.
Кең даладай жиналмаған шалғайы,
Аңқау, ашық мінезі бар аңқылдақ.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім бар болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

*** «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл». Слайд-шоу,** 2 мин.

3-слайд. **Өлең – сөздің патшасы. 10 мин**.

Мұғалім:

- Өнерлінің өнерін
Тағы да байқап көрейік.
Жүйрік аттай желейік,
Өлеңге кезек берейік.

Лаура:

- **Үш бақытым** (М.Мақатаев).

Ең бірінші бақытым – **халқым менің,**
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – т**ілім менің,**
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсемде,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – **Отан деген,**
«Кім мықты?» десе біреу – Отан дер ем!
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Аня:

- Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!
Туған тілім – анам тілі – өз тілім!
Туған тілім – далам тілі – өз тілім!
Туған тілім – адам тілі – өз тілім!

Ең тәтті де – тіл,
Ең ащы да – тіл.
Ең жұмсақ та – тіл,
Ең қатты да – тіл.

4-слайд. **Сыңарыңды тап (7 мин).**

Қазақша мақалдың орысша баламасын сыныпта отырған оқушылардың арасынан өздері іздеп табады.

қазақша	**орысша**
Жақсы сөз – жарым ырыс.	Доброе слово – половина блага.
Жүздің көркі – көз, ауыз көркі – сөз.	Глаза украшают лицо, усто – слово.
Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.	Кто слов не ценит, сам себя не ценит.
Жақсы сөз – жан азығы.	Хорошее слова – душе опора.
Айтылған сөз атылған оқпен бірдей.	Сказанное слово – вылетившая пуля.
Ойнап айтсаң да, ойлап айт.	Даже говоря в шутку – подумай.
Тамшы тас жарады, тіл бас жарады.	Капля камень расколет, слово – голову.
Өнер алды- қызыл тіл.	Начало искусства – красноречие.
Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды.	Нет народа без пословиц, как нет слова без значения.
Бала тәрбиесі – бесіктен.	Воспитание ребенка начинается с колыбели.
Байлық байлық емес, бірлік – байлық.	Достаток – не богатство, единство – вот настоящее богатство.

5-слайд. **Бәйге (қай қатар көп ұпай жинайды):**

1. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

(130-дан астам).

2. Жас балаларға арналған қандай салт-дәстүрді білесің?

(шілдехана, балаға ат қою, тоқымқағар, тілашар тойы, бесік тойы, тұсаукесу, сүндет тойы).

3. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?

(42).

4. Семейде туған үш ұлы тұлғаны ата.

(Абай, Шәкәрім, Мұхтар).

5. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

(9).

6. Киіз үйдің төбесі?

(шаңырақ).

7. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата

(елтаңба, ту, әнұран).

8. "Ғылым таппай мақтанба,
Өнер таппай баптанба" кімнің өлеңі?

(Абай).

9. Бие сүтінен жасалатын емдік сусын

(қымыз).

10. Заттың, нәрсенің атын білдіретін қай сөз табы?

(зат есім).

11. Буын түрлерін ата

(ашық, тұйық, бітеу).

12. Қазақ ғарышкерлерін ата.

(Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев).

13. Қазақ тіліне тән дыбыстар нешеу?

(9).

14. Жүз жасаған қазақ ақыны.

(Жамбыл).

15. Қазақ тілінде неше септік бар?

(7).

16. Кішкентай сәби тез жүріп кету үшін қандай рәсім жасалады?

(тұсаукесер).

17. «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс» - өлеңі кімдікі?

(Махамбет)

18. Түйе сүтінен жасалатын емдік сусын қалай аталады?

(шұбат).

19. М.Әуезовтің әйгілі роман-эпопеясы?

(Абай жолы).

20. Қазақстанның жер аумағы неше шақырым және ол қандай мемлекеттермен шектеседі?

(Солтүстіктен оңтүстікке дейін 1500 шақырым, батыстан шығысқа дейін 3000 шақырымды алып жатыр. Оның батысы Каспий теңізімен, шығысы Алтай тауымен, оңтүстігі Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, ал солтүстігі Ресеймен шектеседі).

21. Еліміздің ең биік тау шыңы?

(Хан тәңірі).

22. Қазақстандағы қорық саны.

(10).

23. Менделеев кестесіндегі 105 элеменеттің қаншасы біздің еліміздің кең қойнауында бар?

(99).

24. Қазақ спортшылары арасынан тұңғыш рет Олимпиада чемпионы атанған кім?

(Балуан Жақсылық Үшкемпіров).

6-слайд. **Мақал – сөздің мәйегі (тілге байланысты мақал мәтелдер):**

1. Тілге құрмет – елге құрмет.
2. Бас кеспек бар да, тіл кеспек жоқ.
3. Тіл – қылыштан өткір.
4. Өнер алды – қызыл тіл.
5. Жүйелі сөз – киелі.
6. Тіл – көңіл кілті.
7. Жақсы байқап сөйлер,
   Жаман шайқап сөйлер.
8. Жүзден біреу – шешен,
   Мыңнан біреу – көсем.
9. Үлгілі сөз білмеген –
   Надандықтың белгісі.

10. Біреудің сөзі – әдемі,
Біреудің көзі – әдемі.
11. Сөз шынды табар.
12. Сөз асылы – мақал.
13. Тіземнен сүріндірсең – сүріндір,
Тілімнен сүріндірме.
14. Шебердің қолы – ортақ,
Шешеннің тілі – ортақ.
15. Тіл – буынсыз, ой – түпсіз.
16. Тіл жүйрік емес, шын – жүйрік.
17. Тіл қаруы – сөз,
Сөз қаруы – ой.
18. Тіл – шекер,
Бала – кетер,
Байлық – өтер.
19. Тіл жүйріктен де озады.
20. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
21. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле
22. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.
23. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
24. Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.
25. Отыз тістен шыққан сөз
Отыз ру елге тараған.
26. Тіліңмен жүгірме,
Біліміңмен жүгір.

7-слайд. **Полиглот болу – өмір талабы.**

Мұғалім:

- Тілді білу – тарихты, халықты сыйлау. Қазір полиглот болу – өмір талабы.

Полиглоттар шеруі: әл Фараби – Пушкин – Абай – М.Әлімбаев (суреттерін көрсетемін).

1. Шығыс ғұламасы әл Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген.

2. А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, словян тілдерін білген.

3. Абай Құнанбаев орыс, қазақ, парсы, араб тілдерін меңгерген.

4. М.Әлімбаев татар, қазақ, орыс, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, балқар,ноғай, қарашай тілдерін біледі.

Мұғалім:

- Қазақ тілі – Абай, Мұхтар, Мағжандар.
  Қазақ тілі – Баян, Жібек, Тоғжандар.
  Қазақ тілі – Тоныкөк пен Күлтегін,
  Қазақ тілі – елін сүйген көкжалдар.

Сәуле ДАУТОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Әдебиеттану және тіл білімі ҒЗИ -ның
директоры, ф.ғ.д.

ҰЛТЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

Көрнекті ғалым-ұстаз, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, экономика ғылымының докторы, профессор Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев өмір жолын, ғылыми және әдеби шығармашылығын зерделей отырып, оның жүріп өткен сара соқпағына әркімнің де ризашылықпен қызыға қарары сөзсіз. Шынында да өз кәсібін, өмірлік арнасын адаспай, анық тапқан адамдардың ғұмыр шежіресі қашанда мағыналы. Көпжасар Нәрібаев та сондай мағыналы жолмен жүріп келе жатқан бақытты жандардың бірі дер едік. Сүйікті кәсібіне жан-тәнімен берілген, ұлттық ғылым мен білім тізгінін қатар ұстап, оны әлемдік деңгейге жеткізуді өмірлік мұратына балап жүрген, өз ісіне адал жанның осы күнге дейін тындырған ісіне көз жүгіртер болсақ, нағыз іскер, майталман маман жандардың бірі де бірегейі Көпжасар Нәрібайұлы екеніне көз жеткіземіз.

1960 жылы ҚазҰУ-ды бітіргенен кейін Мәскеуде үш жыл аспирантурада оқыған ол еңбек жолын Халық шаруашылығы институтында бастады. Онда жай ұстаздықтан бастап проректорлыққа дейін

көтеріліп, 12 жылдай жұмыс істеген. Осы кезеңде ғылым-білім саласына үн қосып, өзінің айқын бағдарын таныта бастаған талапты жас экономика ғылымының танымал теоретик ғалым дәрежесіне дейін биіктеді. Көпжасар Нәрібайұлының содан бергі саналы өмірі ғылыми педагогикаға бағытталып келеді. Атқарған талай жылғы қажырлы да қайырлы еңбегінің нәтижесі 600 баспа табақ тұратын 350 ғылыми жұмыс ретінде жарық көрді. Олардың 140-ы еліміздің жоғары білім беру жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру мәселесіне арналған. Академик К. Нәрібаев 1976-1983 жылдары Қазақ ССР Жоғары және арнайы орта білім министрінің орынбасары, ал 1983-1987 жылдары Жоғары және арнайы орта білім министрі болып қызмет атқарды.

Оның отандық білім мен ғылымды дамытуға сүбелі үлес қосқан дүбірлі дәуірі, біздің пайымдауымызша, 1991-2001 жылдары әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттінің ректоры болған кезі дер едік. Өзі басқарып отырған жоғары оқу орынының абыройы мен беделін асқақтатып, мерейін үсем ету мақсатында күш-жігерін, іскерлігі мен біліктілігін, білімін сарп еткен санаулы ректорлардың бірі Көпжасар Нәрібайұлы болды деп батыл сеніммен айта аламыз. Оған оның ректор болған кезінде білім алған студент, аспиранттар мен қызмет істеген оқытушы-профессорлар қауымы куә.

Көпшілікке белгілі, К.Нәрібаевтың әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттінің ректоры болған кез еліміздің экономикасы тұралап, әлеуметтік

жағдайымыз тым нашарлап кеткен уақыт еді. Ректор К.Нәрібаев сол қиын-қыстау кезеңде университеттің білім беру жүйесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі дамытып жетілдірумен қатар, білім алушылар мен білім берушілерге де зор қамқорлық көрсете білді. Бір ғана мысал, кеңестік жүйе күйреп, бұрынғы қоғамдық-әлеуметтік жүйенің тас-талқаны шыққан кезде үй кезегінде тұрғандар мен жас мамандар ескерусіз қалып, не істерлерін білмей дағдарып еді. Пысықайлар жаңа заманға тез бейімделіп, ақшалы жерлерге тез ауысып кетіп жатты. Ал өзінің өмір жолын білім мен ғылымға бағыштағандар енді қандай, қалай тірлік жасарларын білмей аңтарылып, сасқалақтап жүргенде Көпжасар Нәрібайұлы шұғыл шешім қабылдап, университет қарамағындағы жұмысшылар жатақханасы мен аспиранттар үйін пәтерсіз жүргендерге жекешелендіріп берді. Сол жатақханалардан үй алғандардың айтуынша, пәтерлер өте әділ бөлініпті.

Көпжасар Нәрібайұлының еңбек жолына шолу жасай отырып, оның білім беру мен ғылымды әрқашан қатар өрбіткендігін байқау қиын емес. Ғалым-ұстаз қызмет еткен мекемелер қатарында әл Фараби атындағы ҚазҰУ-ға қоса ғылымы мен біліміндегі қасиетті шаңырақтары – Алматы технологиялық университетін (2002-2006 ж., проректор), Білім және ғылым министрлігінің Экономика институтын (2006 ж.) ерекше атаған жөн. Бірінде академик К.Нәрібаев университеттің білім-ғылым жұмысын ұйымдастыруға атсалысса, енді бі-

рінде ұлттық экономика ғылымын дамытудың елеулі мәселелеріне арналған іргелі ғылыми зерттеулермен шұғылданды. Академик К.Нәрібаевтың білім мен ғылым саласындағы еңсерген еңбегін бір-бірінен ажырату мүмкін емес, себебі ғалым-ұстаздың ғылыми ізденістері қашанда оқу үдерісімен тығыз байланысып, студентер мен ұстаздар қауымының көкейінен шығып келеді. Жоғары білім берудің аса білгірі, академик К.Нәрібаев өзі де біреулерге шәкірт болған. Оның бойындағы азаматтық, кісілік қасиеттер сол ұстаздарынан дарығаны сөзсіз. Оның өз ұстаздарына мейлінше адал әрі сыйлы шәкірт болғанын ұстаздары туралы ой-толғамдарынан жақсы аңғарамыз. «Қазақ әдебиеті» газетінің 2009 жылғы 7 тамыздағы санында жарияланған «Әдебиетші ғалым, ардақты ұстаз» деген мақаласында орта мектепте білім алып жүргенінде адами қасиеттерімен өзіне үлгі бола білген ұстазы Балтабай Адамбаев туралы сыр шертеді. Балтабай Адамбаевтан алған тәлім-тәрбиесі мен көрген үлгі-өнегесі өзіне ғұмырлық азық болғанын тебірене баяндайды. Мақаланы оқып отырып Ұстаз туралы шынайы ілтипат осындай-ақ болар дейсің.

Көбеңнің кісілігі керемет! Кез келген адаммен, ол өзінен кіші болсын, үлкен болсын зор құрметпен, өзімен тең дәрежеде сөйлеседі. Біз Көпжасар Нәрібайұлының өзінен жасы үлкен аға ғалымдар кіріп келгенде, отырған орынынан тез тұрып, соншалық ілтипатпен қолдарын алғанын талай көрдік. Ал олардың сөзін мұқият тыңдайтыны өзіне сондай

жарасымды әрі табиғи болып көрінеді. Жалпы, Көпжасар Нәрібайұлы – үлкенге де, кішіге де бірдей қарайтын кісілігі биік әділ жан. Айқын аңғарылатын кемшілігінің өзін сыпайы ескертіп, алдағы уақытта болмауын талап етеді. Кабинетіне келген адамдарды жылы шыраймен қабылдап, айтқан мәселесін зейін қойып тыңдап, дұрыс шешімін шығарып береді. Өз ісіне мығымдығы сонша – үнемі сергек отырады. Табиғатынан салмақты басып, сабырмен ұжымды басқарып жүретін басшылық қызметтерінде де бірде-бір адамға қиянат жасағанын естімеппіз. Өзінің білім-ғылым саласындағы басшылық қызметтеріндегі тәжірибесі жақсы мен жаманды терең тани білетін іскер көшбасшы болуына ықпал еткендей. Әлбетте, Көпжасар Нәрібайұлының өз халқының қалаулы ұлы болып қалыптасуына отбасындағы әке-шеше тәрбиесі мен ұстаздарының ғибратты өнегесі міндетті түрде өз ізін қалдырғаны даусыз.

Көпжасар Нәрібайұлын бір есептен «ұлтшыл» деуімізге де болады. «Адамның қай мінезі қасиеті болса, тап сонысы міні де болады» дегендей, оның ұлтқа деген жанашырлығы өзіне таяқ болып тиген кездері де болыпты. Бұл туралы «Алаш айнасы» газетінің 2013 жылғы №87 санына берген сұхбатында былай дейді: «...Министр болып істеп жүрген кезімде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы орын алды. Ұлтшыл министр атанып, орынымнан алындым. Негізі, біздің қазақта ұлтшылдық жоқ. Қазақ ұлтшыл халық емес. Керісінше, қазақ – интернационал халық. «Ұлтшыл,

қазақ халқын көп оқытты» дегенде бұлар бәрін дұрыс түсінбеді. Тіпті, түсінгісі келмеді. Мәскеуден комиссия келіп, мені шақыртты да: «Неге сен қазақты көп оқыттың?» деді. Мен: «Қазақ қайта аз оқып жатыр, оқитын қазақтар жетпей жатыр» дедім. Соңғы рет ол уақытта 1959 жылы санақ болған. Сол санақ бойынша есептеп, қазақтардың үлесі 36 пайыз деп санады. Орыс – 42 пайыз. Олардың ойынша, қазақ студенттердің саны да 36 пайыз, орыс студенттері 42 пайыз болуы керек көрінеді. Ал сол кездегі біздің қазақ студенттерінің саны 53 пайыз болатын. Соны көріп, міне, қазақ студенттерінің саны басым дейді. Мен: «Институтқа жасы келгендер, құрылысшылар, шопандар түспейді. Оқуға түсетін балалар – мектепті енді бітіргендер. Сондықтан біз мектеп бітіретін қазақ жастарының үлесін анықтап алуымыз керек. Егер сол үлес салмағынан асып жатса – сөз басқа» деп қарсы дау айттым. 1985-1986 жылдары мектеп бітірген балалардың 60 пайызы қазақтың балалары болатын. Егер осы үлеспен санайтын болсақ, онда ЖОО-да білім алып жатқан сол кездегі қазақ жастарының саны, керісінше, жетпейді. Қазақ жастарының білім алуы үшін кезінде осындай да күрес жүрген. Осы кезге дейін біздің алға қойған мақсатымыз ұлттық кадр даярлау болатын. Көптеген салаларға қазақ кадрлары жетіспейтіні айтылатын. Машина жасау, құрылыс, транспорт, байланыс саласында мамандар дайындау керек болатын. Оларды дайындауға Мәскеуге, Омск, Томск, Киевке жіберу керек болатын. Одан гөрі,

өзімізде дайындау тиімді болатынын біле тұрып, мені «Қазақ балаларын көп оқыттың» деп ұлтшыл деген айдар тақты». Ғалым-ұстаздың өз жақсылығынан жамандық көріп қалған кездері аз болмағанын сыр ғып айтпаса да, осындай сұхбаттарынан қылаң беріп қалады. Әлбетте, әр адамның кісілік келбеті жөнінде өзгенің айтқаны дұрыс екені кімге де болсын түсінікті. Біз осы мақаламызда көпке танымал тұлға туралы жазарда оның өмірбаяны мен ұстаздық, ғылыми жолы, әдеби шығармашылығы күні бүгінге дейінгі талай мақаладан көпшілікке жақсы мәлім екенін ескеріп, оны қайтадан баяндап жатудан гөрі, оның кісілігінің кейбір тұстарын әңгімемізге арқау етпек болдық әрі бүгінгі қазақ ғылымы мен білім беру саласының жетекші басшыларының бірі болып отырған, экономика ғылымының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаевты басқа бір қырынан көрсетуді жөн көрдік.

Ұлтқа білім беру мен ұлттық ғылымды дамытудың қамын әріден ойлап, ерен еңбек етіп жүргендер санаулы-ақ болар. Солардың қатарында талмай, қажымай еңбек етіп келе жатқан ұстаз-ғалым Көпжасар Нәрібайұлы екені айқын. Жетпістің бел асуына желіп жеткен Көпжасар Нәрібайұлының білім-ғылым саласы бойынша алар асуы әлі алда екенін ғылыми еңбектері мен ұлттық ұстанымы анық байқатады.

Амантай ХАМЗАҰЛЫ,
Ш.Батталова атындағы
“Ақжал” орта мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Ақадыр ауданы,
“Ақжал” ауылы.

КӘСІБИ ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМДІ, БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ

Кәсіби білім беру – өмір талабы. Қоғамдағы өркениетті дамытудың ең тиімді жолы саналы тәрбие мен сапалы білім беруді, жас ұрпақты заман талабына сай оқыту мен тәрбиелеуді басты бағыт етіп алға қойған Елбасы халыққа арналған жолдауында “Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет” деп атап өтті.

Осы орайда, кәсіптік техникалық білім беруде басты міндет – сапалы білім бере отырып, нарықтық экономикалық жағдайына бейімделген білімді, білікті маман даярлау.

Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер баланың жеке басын дамытуды, оны ізгілікке баулып, көркемдік шығармашылығын қалыптастыруды, бәсекелестік қабілетті арттыруды талап етеді. Жас ұрпаққа тәрбие беру ісін жаңа деңгейге көтеріп, шығармашылық іскерлігін дамыту, еңбекке баулу міндеті бүгінгі

күннің кезек күттірмес мәселесіне айналып отыр. Еңбек – әрбір жеке адамның өмірі үшін қажетті материалдық рухани құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі. Олай болса, еңбек – өмір сүрудің, танымның, қуаныш пен шығармашылықтың көзі. Сондықтан оның адам өмірінен алатын орыны мен адамдардың еңбек үрдісі туралы оқушы білімін үнемі толықтырып, байытып отыруда оқушыларды еңбекке баулудың маңызы зор. Әрбір адам еңбек арқылы өз орынын тауып, өмірде не нәрсеге қабілетті екенін сезініп, түсіне білуі тиіс. Өз қолымен жасаған нәрсесі үшін мақтаныш сезіміне ие болғанда ғана жан-жақты дамуға жол ашады.

Қай ғасырда да ұлы ойшылдар, педогогтар баланы еңбекке тәрбиелеу, көркемділікке баулу мәселелеріне көп көңіл бөлген. Олардың пікірінше, еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігін мәңгілік етудің табиғи шарты болып табылады. Оқушыларға саналы тәртіп пен тәлімді тәрбие беру – оларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу деген сөз және еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екендігін атап көрсетеді. Оқу мен білім – еңбекпен келетін дүние. Өнермен өрнектелген халық даналығы да – сол еңбектің нәтижесі. Сондай-ақ жалпы жұрттың мұддесі үшін еңбек еткен дұрыс және өмірлік мақсаты ақыл- парасатқа негізделсе ғана оның, ұлылығы, еңбегі танылады. Қазақ топырағында тұңғыш рет мектеп ашқан ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин шығармашылығынан еңбек тақырыбы негізгі орын алатыны белгілі. Ұлы педагог дене мен еңбек тәрбиесін адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселесі ретінде қарап, еңбек тәрбиесіне

байланысты ойларын терең, айқын көрсетіп берді. Баланы жас кезінен еңбекке араластыру, қолөнер үйрету оның басты мақсаты болды. Алтынсаринның әрбір шығармасы балаларды адал болуға, еріншектік, жалқаулық сияқты әдеттерден сақтанып, еңбек етуге дағдылануға, еңбексүйгіштікке баулиды.

Кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлы қазақ баласының болашағы жарқын, сауатты, белгілі бір талаппен айналысатын адал еңбекқор болуын көкседі. Еңбек – оның пікірінше, адамның таным қабілетін дамытады.Еңбек естігенді санада сақтауға көмектеседі. Еңбек үрдісінде адам өз білімін ретке келтіреді, керекті білімді керексізден іріктеп алып, ақыл-ойын арттыра түседі. Тіршіліктің табысты болуының қажетті шарты – еңбек ләззаты, оның сұлулығы. Өз еңбегінің рақатын көре білу – кісіліктің басты белгісі. Абайдың өлеңдерінің тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Онда балаларды оқу оқы, еңбектеніп мал тап, талап қыл, халқыңа пайда келтір, құр жатпа дей отырып, еріншек, өтірікші, мақтаншақ сияқты қасиеттерден бойын аулақ ұстауға шақырады. Осы ойын отыз жетінші қарасөзінен байқауға болады: «Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың парызы үшін еңбек етсең, алланың сүйген құлының бірі боласың» деп тұжырымдайды.

Ш.Құдайбердіұлының философиялық тұжырымдарында «адамның жақсы өмірінің негізі адал еңбек, нұрлы ақыл, ыстық жүрек болуы керек. Осы үш қасиет барлығына басшы болуға тиіс» деп адам өмірінде адал еңбекті алдыңғы орынға қояды.

Бірқатар қазақ зиялыларының шығармашылы-

ғынан да баланы еңбекпен тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлгенін байқауға болады. Міржақып Дулатов қазақ халқының ертеден кәсіп етіп келе жатқан темір ұсталығы, ағаш шеберлігі, егіншілік жайында айта келіп, ұнатқан істі қолға алып,адал еңбек ету күн-көрістің көзі екенін түсіндіреді. Аймауытұлы Жүсіпбек те тәрбие саласына қатысты едәуір еңбек қалдырған. Негізінен, жазушы тәрбиенің мақсаты: мінезді түзету, адамшылыққа қызмет ету адал еңбекке қызмет ете білуге тығыз байланысты деген тұжырым жасады.

Сондай-ақ, кемеңгер ғалымдар А. Байтұрсынұлы, С.Көбеев, М.Жұмабаевтар да баланы ерте жастан бастап тәрбиелеу ісін зерделеп, құнды пікірлер айтқан. Баланы жастайынан дұрыс тәрбиелеп, ересектердің қызметіне еліктете білсе, еңбекке ұмтылып дағдыланады, балаға еңбекті күштеп орындатпай, еңбектің пайдалы екеніне көзін жеткізіп, иландыру арқылы үйретуге болады және бала еңбегінен дамуы ересек еңбегімен тығыз байланысты деген тұжырым жасады.

Философияда адамның қалыптасу жағдайын анықтайтын – оның еңбегі, әуел бастан ұжымдық әлеуметтік тұрғыдан көрінетін еңбек қызметі. Тек еңбек қызметінің белсенділігінің артуы адам құрылымының табиғи биологиялық өзгеруіне айтарлықтай ықпал етеді. Қоғам үшін еңбек ету пікірін алғаш рет орыс демократтары В.Белинский, А.Герцен, Н.Добролюбов, Д.Писаревтар еңбек тәрбиесіне елеулі үлес қосты. Д.Писарев еңбектің қоғам дамуы мен жеке адамды дамытудағы маңызына ерекше назар аударды.

К.Маркс пен Ф.Энгельс еңбек тәрбиесінің негізгі бағыты политехникалық оқу мен оқыту және өнімді еңбекті ұштастыру керек деп санады. Еңбек тәрбиесі мен политехникалық оқу Н.Крупская, В.Луначарский еңбектерінде де үлкен орын алған. «Еңбек етуге әдеттену бұл жай ғана еңбекке үйрету емес, ол – ізгілік қасиеттердің жоғары деңгейі, еңбекке қызығу, құштарлық, еңбек етуге дағдылану» деп тұжырымдайды Н.Крупская. Мектептегі еңбектің маңыздылығына ерекше тоқталған В.Луначарский оқушы оқу пәндерін еңбек арқылы қабылдауын, шығармашылықпен ойлап еңбекте алдыңғы қатарда болуын дұрыс деп есептеді. Еңбек тәрбиесінің ғылыми теориялық негізін жасаған К.Ушинский баланы жан-жақты дамытуда еркін еңбектің маңызын дәлелдеп табиғаттағы жаңалық атаулының жүзеге асуындағы еңбектің рөлін нақтылы тұжырымдай білді. А.Макаренко еңбектерінде жасөспірімді еңбек үрдісіне тәрбиелеу тәжірибесінде еңбек тәрбиесін білім берумен тығыз байланыстырды. В.Сухомлинский баланы жас кезден бастап бойына еңбектану талабын қалыптастырудың мәнін аша отырып, еңбек үрдісінде оқушыларды мектептегі тәжірибелік еңбек, қоғамдық пайдалы еңбек қызметіне тарту жолымен ғана еңбекке қатысының негізін қалауға болатындығын алға тартады. Еңбек балаларды ұйымшылдыққа, жігерлі іске, көркемдік шығармашылыққа, іскерлікке баулиды. Ал мектептегі еңбекке тәрбиелеу мен оқыту баланың толық, жан-жақты білім алуына ықпал жасайды. Оқу әрекеті тұлға болып қалыптасудың барлық уақытын

қамтиды. Білім алу кез келген тұлғаның міндеті болып саналады. Оқу әрекетінің белсенділігіне, оқуға ынталануға барлық факторлар қажет: қажеттіліктер, мақсаттар, бағдарлар, міндет сезімі, қызығулар.

Баланың оқуға ынтасын бала не үшін оқитындығымен, неден әсер алатындығымен түсіндіруге болады. Демек, мектеп жасындағы балалардың оқуға ынталану көрінісін анықтай отырып, әрі сол мотивацияны басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырған тиімді.

Менің педагогикалық еңбек жолым 1963 жылы Шет ауданы, туып-өскен Жарылғап ауылындағы Ж.Алтайбаев атындағы орта мектепте басталды. Білім министрінің мектеп бітірушілерді кәсібі мамандықтарға оқытуға кең профильді бағдарламасын ұсынған болатын. Соның негізінде ауылымыздың орта мектебінде өндірістік комбинатын ұйымдастырдым. Жоғарғы сыныптарға мектеп бітірушілерді оқытып, ауыл шаруашылығының механизаторы және шоферлік кәсібі мамандықтарына баулыдым.

1967 жылы Шет ауданының білім бөлімінің бұйрығымен менің еңбек жолым «Ақжал» кеңшарындағы ұлты аралас орта мектепте жалғасты. Осы орта мектепте жоғары сыныптардың мамандықтарға қатысты теориялық-практикалық оқу кабинеттерін және шеберхана жасақтадым. Жастардың кәсіби мамандығы сапалы болу үшін «Ақжал» өндірісінің бас директоры Сәкен Қойшанұлымен келісе отырып: АТЦ, горцех, фабрика, мехцех, жөндеу-құрылысшы, т.б. барлық цехтарда слесарь-жөндеушінің жұмыс орындарын дайындап, арнайы іс кестесімен

оқушылар практикалық жұмыс істеді. Жастардың өздері оқуда, еңбекте жұмыстарын ынтамен істеп, кәсіптерін шығармашылықпен іске асырды. Ол үшін олар жергілікті, аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып, викториналарға да кірісіп, алдыңғы қатардан көрініп отырды.

«Жері байдың – елі бай» демекші, “Ақжал” – ірі өндірістің бірі. Сол елді мекеннің атақ-абыройын арттыру – болашақта жастардың қолында. Ақжалдың атақ-даңқын арттыруда еңбек етіп отырған әке, ағаларының ісін жалғастыру – жастардың басты борышы.

«Ауылына қарап азаматын таны» деген аталы сөздің орынды болуына сай, еліміздің политехникалық институтын бітіріп келген, жалынды жас жігіт Сәкен Қойшанұлы азаматтық құндылықтар – ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған білімді алуға қажетті жағдайлар жасады.

Сәкен Қойшанұлы 17 қараша 1986 жылы №214 бұйрығымен кәсіби мамандығы сапалы болу үшін “Ақжал” өндірісінің цех басшыларына слесарь-жөндеушінің жұмыс орындарын дайындап, арнайы жұмыс кестесімен барлық цехтарда оқушылардың жұмыс істеуіне және істеген жұмыстарына 1-ші разрядпен еңбек ақы төлеуді тапсырып, барлық цех басшыларын жіті орындауға міндеттеді. Ғылым мен практика негізінде дамытуға бағытталған білімді алуға қажетті жағдай жасап, кәсіптік білім жүйесін нарық экономикасының талабына сай дамуын қамтамасыз етті. “Ақжал” өндірісінің жұмыс істеуіне

өте қажетті жүргізушілердің «ВС» категориясына мектеп бітірушілердің оқуына жағдай жасап, нарық экономикасына сәйкес, әрбір жеткіншектің бір емес, бірнеше мамандық иесі болып өзінің туған мекенінде, ауылында сапалы техникалық білікті жұмысшылармен толықтырып, олардың жұмыс істеуін қамтамысыз етті. Үлкен жүректі азамат Сәкен Қойшанұлы “Ақжал” еңбеккерлеріне қамқорлықпен, зор сүйіспеншілікпен қарап, халықының әлеуметтік-экономикалық жағдайын да жақсартуға көп еңбек етті. Ақжалдың демалыс паркін қамқорлыққа алып, қосымша жасыл бұталар, әр түрлі ағаштар отырғызып, көлемін үлкейтіп өсіруін қамтамасыз етті. Кеніш тұрғындарына бау-бақшаға тыңнанжер жыртқызып, әрбір жанұяларына тоғыз шаршыдан учаске жасап берді. Бау-бақшада өсіруден басқа, Республика жерлерінен жеміс ағаштарының, жеміс бұталарының әр түрлі сорттарын және көк жемістерді алғызып, өсіруін қамтамасыз етті.

Мектеп оқушыларына да картоп, көкөністер өсіруге, еңбек етіп жұмыс істеулеріне де 5 га учаске бөліп берді. Мектеп оқушылары жазғы демалысында сол учаскеде картопты, көкөністі баубақшаны бастап өсіріп, өнімін мектеп асханасына, балабақшаға берді, сөйтіп “Ақжалда” әрбір үй жасыл желекке бөленіп, елді мекеннің өте таза болуын қадағалады.

Осындай игілікті жұмыстарды атқаруға жүргізушілерді практикалық тұрғыдан үйретететін автомобильмен іске асырдық. Ол үшін өндіріс басшысы Сәкен Қойшанұлы айына 300 литр жанармаймен қамтамасыз етіп отырды және

автомобильдерді күрделі, ағымдық жөндеуге әрбір оқу жылында механизмдер мен детальдар бөліп, отырды. Оқу кабинеттері мен шеберханаларды ағымды жөндеуге материал мен жабдықтар бөліп ұдайы көмектесті. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осындай барлық мәселені жедел әрі сапалы шешіп, жауапгершілік танытқан абзал азамат Сәкенге кент, ауыл тұрғындары ризашылық білдіріп, алғыстарын айтып, Қарағанды облыстық халық қалаулысына сайлап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еліміздің халқына жолдауына орай, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан нық орын алу, елді индустрияландыру, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру міндеттері мен басты стратегиялық мақсаттарды орындауға белсене кірісіп, бірлескен, үйлесімді жұмыстарды жалғастыруға, көп жылдар тәжірибе жинақтаған Сәкен Қойшанұлы “Ақжал” өндірісінде 2008 жылдан бастап қайтадан ЖШС Новоцинктің бас директоры болып, нақты іспен жұмыс атқаруда.

Шет ауданының Әкімі Рысқали Қалиақбарұлы Әбдікеров 2008 жылдың 22-ші қаңтарында халықпен кездесіп, есеп берді. Есеп беруде кейбір кәсіпорындар мен мекемелердің 2007 жылдың белгіленген жоспары межесінен көріне алмауы айтылды. Мақсат – кентте орналасқан мекемелер мен кәсіпорындарда берілген тапсырмаларды, жылдық жоспарларды орындау, мектептердің жұмысына қатты көңіл бөлу. Олардың білім деңгейін жоғары дәрежеге көтеруге жұмыстар жасалып, қазіргі деңгейінен жоғары сатыға көтеру көзделді. 2008 жыл – барша

аудан жұртшылығына үлкен мерейлі жыл. Бұл жылы Шет ауданының құрылғанына 80 жыл толған. Барлық ізгі тілеулі азаматтардың ауданымыздың гүлденуі жолында үлгі-өнеге боларлықтай аянып қалмас кезеңі келді. Ауданымызды гүлдендіру ерекше түрге ендіру жолында барлық тұрғындарды, шаруа қожалықтарын ауданның 80 жылдығына орай елді мекендерді көріктендіру үшін игілікті іспен бір кісідей атсалысулары керек екені баса айтылды. Аудан Әкімінің халықпен кездесуде кент, ауыл тұрғындары тарапынан қойылған сауалдарға аудан әкімі Рысқали Әбдікеров пен өндірістің Бас директоры Сәкен Қойшанұлы сауатты әрі нақты жауап беріп, мәселелерді шешуде тың ойлар айтып, іскерлік қабілетін ерекше танытуына жұртшылықтың ризашылығы жүздесу барысында айқын аңғарылып жатты. Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл толуын атап өткелі отырған ауданымызда атқарылатын игілікті істерге бастау болар қадам да осы жерден басталатынын терең сезінген кент пен ауыл тұрғындары көңілге көп ой түйді.

Елбасымыздың биылғы Жолдауында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі жолындағы атқарылатын іс-шара маңыздылығымен ерекшеленеді.

Ел ертеңі – білімді ұрпақ, жас жеткіншектеріміздің сапалы білім алуына бағытталған басымдықтар ұлттық басқару мектебін құруды, адамның ғұмыр бойы білім алу үшін жағдай жасауды, осы заманғы

білім беру жүйесін қалыптастыруды көздеп, кәсіптік техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырды.

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытып аясын кеңейтуді көздеп, қазір Елбасының 1.07.2008ж. №626, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің 24.06.2004ж. №313, Қарағанды білім басқармасының 31.07.2009ж. №362, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрінің 10.07.2006ж. №341 бұйрығына сәйкес "Ақжал" кенішінің оқушы жастарына автокөлік құралдарын жүргізушілерді даярлау курсын, тракторист-машинист курсын ұйымдастырып, кәсіпорынның барлық цехтарына жөндеуші слесарь кәсіби мамандықтарын оқытудамыз. Оқушы жастарды кәсіби мамандықтарға оқытудың ұжымы Президент жолдауын зор қанағаттанарлық сезімде қабылдады. Жолдаудағы білім беру саласына қатысты айтылған айқын басымдықтар мұғалімдерге үлкен жауапкершіліктер жүктеді. Заман талабына сай білікті мамандар дайындау, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру, оларға өмірден өз орындарын табуға көмектесу, сол арқылы Еліміздің межелі жоғары елдер қатарынан орын алуына үлес қосу – біздің ұстаздық парызымыз.

Осыған орай, ұжым ұстаздары қауымы осы міндеттер үдесінен шығуда, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде тындырымдылықпен еңбек етуде. Сондай-ақ, біздің ұстаздар ұжымы орасан үлкен бастаманың маңызын терең түсініп, зор жауапкершілікпен еңбек ете береді.

Жазира БЕЙСЕМБАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің
І курс магистранты.

ЖАҚСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – АДАМНЫҢ КӨРКІ

«Адамға көбіне үш алуан түрлі мінез-құлық жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады»,- деп Абай Құнанбайұлы мінез-құлықтың өмір барысында қаланатынын айтып өткен. Көп жағдайда бала болашағы – ата-ана тәрбиесіне тікелей байланысты, оның өмірге, айналасындағы адамдарға, еңбекке, оқуға деген қатынасы, ең алдымен, отбасында қаланады. Дегенмен, қазіргі барлық отбасында балаларға дұрыс тәрбие беріліп, жағымды қарым-қатынас ұйымдастырыла бермейді. Олар көбіне бүгінгі ата-ананың педагогика негіздерін білмеуі, отбасы мүшелерінің тәртіп мәдениетінің төмендігі, ана мен әкенің тәрбиелік әсерлерінің үйлеспеуі және олардың балаға және оның тәрбиесіне деген уақыттарының аздығы сияқты нәрселермен түсіндіріледі. Осылайша, көп жағдайда, мінез-құлықтың адам өмірінде қаншалықты рөлі маңызды

екенін ұмытып кетіп жатамыз.

Мінез-құлық – тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі – тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Адам бойындағы мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда әр адамның өмірлік беталысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Бұл оның бүкіл тыныс-тіршілігіне әсер етіп, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтиды. Ол адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Адам өзінің мінез-құлқына бақылау жасау арқылы мінездегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет, дөрекі мінездерден өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез–құлық адамның өзіне, маңайындағы басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай қарайтынынан байқалады, оның бүкіл тәртібіне әсер етеді. Ол – жануарлар мен адамдарға ортақ, организмнің қимыл-қозғалыс белсенділігін сыртқы ортамен қалай байланыс жасай алуын білдіретін ұғым. Оның қозғаушы көзі – қажетті өтеу. Мұның ауқымы кең, жан құбылыстарының әрқайсысынан түрлі деңгейде көрініп отырады. Сонымен өз қажеттілігін қанағаттандыруда түзілген психикалық және физиологиялық үдерістер жиынтығы - мінез-құлық. Оның екі түрі бар: 1) интрогенді (белсенділікке бағытталған) - эстетикалық рахаттану, көркемдік шығармашылық, ойын, спорт, ермек, көңіл көтеру жатады; 2) экстерогенді (қарым-қатынасқа бағытталған) - ақпарат алмасу, өмір

қажеттіліктерін өтеу жатады. Ал екеуіне де бірдей қатысты, ол – білім. Адам алған білімі арқылы осы екі мінез-құлық түрлерін жоғары деңгейде дамыта алады. Егер адамды танитын, білетін болсаңыз, ол өмірдің әр түрлі жағдайында қандай мінез-құлық көрсететінін болжамдап айтуға болады. Мінез-құлықты басқаруға, оны басқаларға ыңғайлы, сыйымды етіп, дұрыс жол көрсетіп отыруға болады. Сондықтан мінез тәрбиеленетін қасиеттерге жатады. Адамдардың мінез-құлқы тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты көрініс береді. Ол бірнеше көрсеткіштермен сипатталады. Сондықтан жеке тұлғаға мінездеме бергенде оның ерекшеліктерін басқалармен салыстыра отырып, қарама-қарсы көрсеткіштермен сипаттайды: кеңпейілді - іші тар; жеңілтек - байсалды; адал - арам; сыйысымды - сыйысымсыз; қорқақ - батыл, сезімтал - қатыгез, т.с.с. Бұл жеке көрсеткіштер – мінездің құрамды бөліктері, оның көрсеткіштері болып табылады. Осы көрсеткіштердің ішінде біреу жетекші, доминанта болады. Адамды бағалағанда сол доминантасы бойынша мінездеме береді. Мінез-құлықтың барлық көрсеткіштері бір-бірімен тәуелді байланыста. Сондықтан егер адам қорқақ болса, оның көп жерде белсенділік көрсетіп жүруі өте қиын. Қорқақтың сыйысымдылығы, басшыларға ерекше ізет көрсетіп, иланушылығы (ұйып сенуі) тілалғыштықпен көзге түсіп жүруі мүмкін. Олар өте сараң, материалдық байлықты қорғау үшін басқаларды сатып кетуі, сөзінен айнып кетуі жиі кездесіп тұрады. Сондай ақ, батыл, шешім қабылдағыш адам қорқақ болуы мүмкін

емес, ол мырзалық көрсете алады, басқалардың пікірін сыйлайды, бірақ кейде тік мінездік көрсетіп, керек емес жерде тәуекелшіл болып, өз өміріне қауіп тудыруы мүмкін. Мінез-құлық бір-бірімен тәуелді байланыстағы көрсеткіштерінің ішінде біреуі доминанта болып, барлық басқа көрсеткіштеріне әсерін тигізіп тұрады. Доминантасының ерекшелігі: мінездің құрамды бөліктерінің ішінен біреуі жетекші және барлығына бағыт беріп тұратын болады, ал қалғандары қосалқы болып, негізгінің көрінісін тереңдетіп, құлпыртып тұрады. Оны келесі мысалдармен дәлелдеуге болады:

а) кең пейілділік доминанта, жетекші көрініс берген адамның басқа мінез сипаттарының барлығы жалпы, ол адамды «жақсы адам» деп қабылдатады. Ол тірлікті асығыс, шала, үстіртін істейтін, кейде сөзінде тұрмайтын болса кеңпейілділігі бұл осалдылығын жұмсартып көрсетеді;

б) сыйымсыздық, қатыгездік доминанта болса, ол адамның барлық басқа қасиеттеріне теріс белгі береді. Доминантасы қатыгез болса ол адам іскер, білімі терең, барлық мәселені шешу жолдарын тез анықтайтын болғанымен, қоршағандар жалпы оның мінезі теріс деп қабылдайды.

в) доминантасы сыйысымдылық, кешірімді, ұрысқақ емес, басқалардың жағдайын түсінетін болса, ол адам шалағай, сөзінде тұрмайтын болса да оны басқалар оң қабылдайды, жақсы адам деп санайды.

Мінез-құлық - ол әлеуметтік топтағы жеке адамның өмір қалпын бейнелейді және жүктелген іске, адамдарға қарым-қатысынан көрініп отырады. Күнбе-күнгі тіршілікте адам, әдетте, менмен не көпшіл, қайырымды не сараң, биязы не дөрекі, батыл не солқылдақ, табанды, ержүрек не байбалаңшыл болып сипатталады. Бұл сөздер арқылы адамның бір нәрсеге (моральдық қасиеттер), не мінез-құлық амалына (жеке адамның ерік сапалары) қатысы аталады. Олай болса, мінез-құлық негізінде жеке адамның моральдық-еріктік қасиеттері жатады. Сонымен қатар, мінез-құлықтың жалпыланған қасиеттері өздерінің диалектикалық қарама–қарсылықтарында көрінеді: күшті-әлсіз, қатал–жұмсақ, тыңғылықты-өзара қайшы, кең–тар және т.б. Егер мінез-құлықтың күштілігі адамның алға қойған мақсатына жетудегі, кедергілерді жеңуіндегі қуатынан көрінсе, мінез әлсіздігі қорқақтықтан, ниет тұрақсыздығынан, т.б. байқалады. Мінез-құлықтың қаталдығы өжеттік, тайсалмастықпен байланысты, ал жұмсақтықтан адам икемшіл, орынымен шегінеді, келісім жолдарын табуға ұмтылады. Мінез-құлықтың тыңғылықтылығы мен қайшылығы мінез бітістерінің ішіндегі жетекші және екінші деңгейлі қасиеттердің дәрежесімен анықталады. Қасиеттердің бәрі өзара үйлесімді келсе, тыңғылықты мінез, ал бір қасиет екіншісімен үндеспесе, қайшылықты мінез орнығады.

Мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің рөлі күшті. Бұл жөнінде академик И.П.Павлов: «Адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке (нерв) жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да қатысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады»,- деген. Яғни, жеке адамға не адамдар тобына тән өзіндік қарым-қатынастар, мінез-құлық пен қимыл қозғалыстардың тәсілдері - кісінің танымы мен іс-әрекетінде, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде қалыптасады. Қорыта келе жастайынан баланың мінез-құлқының жағымды көрсеткіштерін мақсатты, жоспарлы түрде оқу-тәрбие барысында тәрбиелеп отырсақ, сонда ғана адам жаңа сатыларға көтеріліп, айналасындағыларға сыйлы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абайдың қарасөздері.

2. Қазақ ұлттық энциклопедия. А., 2004, 669-б.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. «Педагогика және психология». А., 2002, 153-б.

4. К.Биекенов, М.Садырова. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. А., Сөздік-Словарь, 2007, 344-б.

5. К.Д.Ушинский. Педагогические сочинения: в 6 т./сост. С.Ф.Егоров. М., «Педагогика», 1990, 528-с.

Гүлзира ТҮГЕРБАЕВА,
Жетібай кәсіптік колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Қарақия ауданы.

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңі 1888 жылы жазылған. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні. Адам басына түскен ауыр қайғы-қасірет те, адамның қуанышты сәттері де өлеңмен байланыса өмірге келген. Жаңа дүние есігін шырылдай ашқан жас сәбиге, ел мен елді таныстыра, мың жылға құдаластыра, татуластырған қыз бен күйеу жігітке, дүниемен қош айтысқан жандарға да өзіне лайықты сый-құрметті шама-шарқынша көрсетеді. Әр айтылған оңды тілек, ғибратты сөз, жоқтау өлеңдерінің мағыналы болуы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетілуі, салт-дәстүр қағидаларының тиянақты орындалуы, қанымызға сіңген қасиеті – қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан заң жоралғымыздың сақталуында.

Адамның қуанышқа толы кей сәттері көңілді

жадыратып, әнге деген махаббат сезіміне жақындаса, о дүниеге аттанғандарды арулап, қадір-қасиетін, елге еткен игі істерін, оның өмірдегі орыны жайында жоқтау өлең формасында орайластырып, гөй-гөйімен шығарып салады, өлең өзегіне арқау еткен пайыммен толғайды. Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Абай өз халқының тілі мен өнерін, анық халықтық қазыналық қасиетті жақтарын аса зор бағалаған»,– деген. Жазба әдебиетіміздің негізін салған ұлы классик ақын оны емін-еркін кешіп, еңсере игергені аян. Осы ретте Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол» деген атақты өлеңін оның поэзия мұрасына деген көзқарасының айнасы дей аламыз. Қазақтың тұрмыс-салт жырларын, тақпақ, мақал-мәтел, шешендік сөздерін тізіп келіп, осыны да Абайдың өзі айтып кеткен:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең»....

Ұлы өлең атты өнерді өлең патшасына, ердің данасына, теп-тегіс жұмырлыққа піл сүйегінен ойып жасалған ғажайып мүсін секілді сиқырлы өнер болғандықтан, адам атаулының туғаннан өлгенге дейінгі өмірі тек өлеңмен шырмалған жіптей байланған бар адамды бар қуаныш-қайғысымен байланыстырған. Өлең өнерінің құнын қабылдай берген жоқ немесе қабылдағанның деңгейінде қалып та қойған жоқ. Қайта соның бәрін жіті

сын көзінен өткеріп, пайда-зиянын айыра білді, шірігі, шикісі болса, міні мен кемшілігін көре білді. Ақын өз өлеңінің тақырыбын «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» деп алып, негізгі айтар ойы - өлең өрнегінің құдіреті шарықтау болса, мақсаты – ұлы ақындық шеберлікті, асқан суреткерлікті танытатын басты белгі - тіл ұстартып, өнер шашатындығында. Осылайша, нағыз ақын Абай өлең мәртебесін әрқашанда биікке көтереді.

Жан жарасы жазылмаған ойшылдың айтар ойы, өлеңді жазудағы мақсаты, басты идеясы - надан халқына білім тұқымын сеуіп, көңілін ашу, ойлы да жас, тепсе темір үзіп, жаңалық ашарлық күш-қуаты бар жігіттерге үлгі беру, өмірдің бар қызығы думан-сауықта емес екендігін жырға арқау етеді.

Өлең өнерінің қадірін білген ақынның келесі туындысы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп аталады. Осы бір тұшымды туындысы 1889 жылы жазылып, 1909 жылғы кітапта басылған. Өлеңді жазуға түрткі болған Шәкәрім, Көкбай, Әріп атты үш ақынға ой салу, ақыл-кеңес беру мақсатын:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.
Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,

Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», - деп пайымдайды.

Әр жас ақын өлең жазу үшін көкірекке сезімнің, тілге орамдылықтың, әр шумақ пен сөзге орайлылық аса қажеттігін айтады. Ақындарға сынауымен қатар, ақын мен ақындық өнердің міндеті жайында сөз ете келіп, қазақ деген қаны бар талапты жас ақын жандыларды үлкен мақсатқа бағыттай, болашаққа жол көрсетеді.

Абай: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел»,- деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыздылықпен қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етеді. Жаңа идеялардың баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның оңай әрі толық ұға алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайына сенім арту – қиын мәселе. Ақын оны жақсы түсінді, мұны оның төмендегі шумақтары дәлелдегендей.

Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таңғаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер деген жұрт тыным бермей.

Бұдан біз өлең - жырдағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына Абайдың ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз.

Сөз айттым «әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.
Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қиналмай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой.
Өлеңі бар «өнерлі інім» сізге
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге...!

Поэзияның өзі түсінген табиғатын, сипатын түбі терең сөз. Әзірет Әлі, айдаһарсыз сөз, әсіре қызыл емес сөз, жастарға үлгі сөз, ермек үшін, жоқ-барды термек үшін жазылмайтын өлең деген бейнелермен береді. Бұлардың ішіндегісі «Әзірет Әлі, айдаһарсыз, алтын иек сары ала қызсыз» өлең дегеннің мән-мәнісін ашып түсіндіруге болады. Абай мұрасын қалың көпшілікке тамаша танытып өткен. Мұхтар Әуезовтың айтуынша, бұл жолдар арқылы Абай XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ мәдениетіндегі пайда болып, өрісі кеңейе бастаған шығысшыл қиссалардан үлгі алғандығын атап өтеді. Абайдың шығыс қиссаларынан үлгі

алғандығының да мәнісі бар. Себебі, тамыры бір түркілер мәдениеті мен әдебиеті қашанда өз жақындығын, қай қырынан болса да, бүйірін бұрары анық.

Поэзия – Абай түсінуінде, біліммен шыңдалған өнер. Оны ақын «есіл өнер» деп бейнелесе, мұның себебі бар: түсінетін, түйсінетін оқушысы жоқ поэзия – есіл өнер! Өзгеге пайдасы жоқ поэзия – есіл өнер болмақ!

Келесі бейне – сол поэзия оқушысының бейнесі деп алалық. Оны беру үшін ақын көкірегі сезімді, тілі орамды жастар, тасыр емес талапты жан көңілінің көзі ашық адам, өлеңі бар інім деген фразаларды жасайды. Мұның ішіндегі көңілінің көзі ашық, тілі орамды, тасыр емес, талапты дегендер – сол кездегі қазақ қоғамына тың бейнелер. Поэзия оқушысының жағымды, жаңа бейнелеріне қарсы жағымсыз типін де қатар қарастырады. Олар: тасыр, мисыз бәңгі, сәнқой, даңғой, керім-кербез. Бұлар поэзия оқушылары емес, оларға өлең жазып қажеті жоқ, бұлар үшін есіл өнер – өлеңді қор қылмай, қызыл тілді қинамау керек деген қатаң қағиданы ұсынады. Туындыдағы әрбір бейнелі сөздер айтылған идеяны төңіректеп, дәлелдейді, соған бағынатындығын да атап өтеді.

Қорыта айтқанда, кез келген оқырман қауым Абайша өлеңді жанымен түсініп, жүрегімен сезе білсе, поэзия әлемінің асар белестері әлі де биіктей бермек.

Кенжегүл ИМАНБАЙ,
«Көктал» ауылындағы
«Саялы» балабақшасының
педагог-психологы.
Жамбыл облысы.

КӨҢІЛДІ САЯХАТ

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Бөлімі: Психология.

Мақсаты:

- баланың бойындағы танымдық құзыреттілігін арттыра отырып, өз бойындағы сезім мен басқаның сезімін түсіне білуге үйрету;
- қоршаған ортаның шынайлылығын меңгерту;
- оқиғаларды құрастырып, өздік қорын дамыту;
- эмоционалды психикалық үрейді болдырмауға жағдай жасау.

Әдіс-тәсілдер: ертегітерапия; энтерапия; психожаттығу; драматерапия; ойынтерапия; денелік бағыт көрсету.

Құрал-жабдықтар: техникалық құрал, жәндіктер киімі, ғажайып гүл, суреттер. Билингвальды компонент: илеу.

Іс-әрекеттің кезеңдері	Психолог әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотива-циялық ынтасын көтеру	Шаттық шеңбері: Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау– басым ақылды, Бәрін өзі басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым Барлық істі атқарған.	Балалар қимылмен шеңберін жасайды.
Іздену кезеңдерін ұйымдас-тыру	- Балалар, далада жылдың қай мезгілі? - Иә, балалар, көктемнің ерекшеліктерін кім айтып береді?	
Әнтера-пиясы: Ғажайып сәт:	-Балалар, қанеки, тыңдаңдаршы қандай әдемі, сазды әуен, біреу бізге келе жатқан сияқты:	Құлақтарын тосып, тың тыңдайды. Көбелек кіреді.
	Көбелек: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Міне, мен бүгін сендерге көктемнің алғашқы шуағында ертегі ала келдім.	
Ертегіге саяхат:	«Ерте, ерте, ертеде әке-құмырсқа, ана-құмырсқа және олардың балалары Топ пен Лола өмір сүріпті. Әкесі мен анасы ағаштың бұтақтарынан алаңқайда үй тұрғызыпты. Топ пен Лола алаңқайда ойнағанды жақсы көріпті. Олар әдемі гүл иістерін иіскеп, көк шөпте асыр салып ойнапты.	Көбелекті тыңдайды.

	Бір кезде асыр салғандары соншалықты, абайсызда жылғадағы суға Лола құлап түсті. Оның қорыққаны соншалықты: «Көмектесіңдер, көмектесіңдер!» деп айғайлайды. Топ жүгіріп келіп, Лолаға ағаштың бұтағын ұсынбақшы болады, бірақ та оның шамасы келмеді. Лоланың дауысын естіп, көмекке өрмекші келді.	
	Өрмекші өзінің күшті қолдарымен ағаштың бұтағын жылғадағы суға түсіруге көмектесті. Лола ағаштың бұтағымен өрмелеп жылғадағы судан шықты. Лола құтқарылды. Құмырсқалар өрмекшіге алғыстарын айтып, көңілді күймен үйлеріне қайтты».	
Ертегіге талдау жасау.	- Бұл ертегінің кейіпкері не? - Құмырсқалар қандай? Үйі қалай аталады? - Илеу туралы қандай ырым сөздер білесің? - Не көмекке келді? - Топ, Лола және өрмекші қандай сезімде болды? - Ертегіні тыңдай отырып, қандай көңіл күйде болдыңдар?	Илеу. Илеуді бұзуға болмайды.
Ертегіні сахналау:	- Ал, балалар, осы ертегіні сахналап көрелік, ол үшін кейіпкерлерді бөліп алайық: - Кім әке-құмырсқаның рөлін сомдайды? - Кім ана-құмырсқаның рөлін сомдайды? - Кімдер Топтың, Лоланың, Өрмекшінің рөлін сомдайды?	Рөлдерге бөлініп, ертегіні сомдап шығады.

Психо-жаттығу: (үнтас-падан)	- Құмырсқаның қимыл-қозғалысын жасау, төрт аяқтап баяу және тез жүгіреді. Баяу ойнаған сазды әуенмен кілемшеде құмырсқалар демалып жатады. - Кірпігімізді төмен түсірсек, көзіміз жұмылады. - Еркін демалайық (2 рет). Ғажайып ұйықтасақ... Біз еркін тыныстадық. Ғажап қана ұйықтадық! Оянатын сәт келді! Қолымызды жоғары көтеріп, жұдырығымызды түйеміз. Керілеміз! Күлеміз! Балалар көздерін ашады. Бұл жаттығу жұмыстары ақырын, ұзақ кідірістермен байсалды дауыспен, бала ойын еркінсітетін сазды әуенмен оқылады. -Ал, енді шеңбер құрып, өз орнымызға барайық.	Үнтаспадағы үнмен бірге отырып, жаттығулар жасайды. (төрттабандап жүреді, күн сәулесі сияқты шеңбер құрып жатады, керіледі, созылады, т.с.с)
Ойын терапия Рефлек-сивті қорытын-дылау	«Жәндіктер» -Бүгінгі ертегіде кімге не ұнады? -Қандай кейіпкер ұнады? -Несімен ұнады?... Ертегіні алып келген көбелекке рахметтерін айтып, көктемді бірге тамашалауға, құмырсқаның илеуін көруге серуенге аттанады.	Ұнаған кейіпкерлерін айтады.

Күтілетін нәтиже: ертегідегі кейіпкерлердің образдарына енуі.

Балалардың оқып-үйренуі: рөлдерді сомдай отырып, ертегі мазмұнын есте сақтауы.

Түсінігі: ертегі мазмұнын түсіне отырып, ретретімен айтуы.

Іс-әрекет дағдылары: кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын келтіруі.

Лайла САЛЖАНОВА,
ҚазХҚжәнеӘТ
доценті, ф.ғ.к.

СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ АРАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС МӘСЕЛЕСІ

Берілген мақаланың мақсаты тіл жүйесінде бірден-бір кең талқыланып, бірақ әлі де болса шешімін таба алмаған категория – тіл аралық құбылыс мәселесі герман тілдерінің сөзжасам жүйесінде қарастыралады. Негізгі ой – берілген тақырыптың қазақ және басқа да бізге танымал тілдер жүйесінде терең зерттелуіне себеп болу.

Герман тілдерінің бірден-бір ерекшелігі – біріккен сөз жүйесінің жоғары дамуы, кең таралуы. Бұл сөз жасам жүйесіндегі біріккен сөз тәсілінің/ композиция тәсілінің өнімділігімен, нақты және белгілі сөз жасам үлгілері арқасында өте көп біріккен сөздер жасалуымен түсіндіріледі. Екі-үш бейтарап сөздерді үлгі бойынша біріктіру арқылы жаңа сөздің туындағанын көруге болады. Берілген тілде сөйлеуші бұл композицияны дұрыс бағытта трансформациялайды, себебі ол әрбір біріккен сөз үлгісінің типін, олардың арасындағы қатынасты, валентті-дистрибутивті ерекшелікті біледі. Бірақ, осыған қарамастан, көптеген сырт пішімі біріккен сөзге ұқсас келетін лексемалар толық және жартылай ой елегінен өткізуді қажет етеді. Тілдегі, турасын айтқанда, сөз жасам жүйесіндегі бұл тенденция сөзді жасаудың деривациялық тәсілін әңгіме етуді

талап етеді. Бұл құбылысқа классикалық кезеңнің ғалымдары О. Бехагель, Ф. Клуге, француздың лингвистері Ш. Балли және М. Бреаль бірінші рет неміс тілінде көңіл бөліп, мынадай деп түсіндіреді: «Неміс тіліндегі екінші компоненттердің *(-heit, -schaft, -weru, -geist, -hans, -voll, -wunder* т. б.) тіл аралық құбылысына айналуы олардың әлі де болса лексикалық жүйеден мүлдем алшақтамай, оған қатысы болуында. Олар толық мәнді сөз ретінде біріккен сөз құрамында қолданылса, ал кейбір лексемаларда олардың лексикалық семантикаларының әлсірегені байқалады [1]. Кейбір неміс ғалымдары екінші жағдайды «Halbableiter», «жартылай туындылар» деп атайды, салыст.: **-zeug** *Flug-, Spiel-, Werk-, Näh-* зат есімдерінде; **-mann** *Kauf-, See-, Arbeits-, Panzer-* зат есімдерінде ; **-los** *arbeits-, fehler-, geld-, hoffnungs-* есімдіктерінде; **Riesen-** *-erfolg, -freude*; **-mal** *ein-, zwei-, dies-* үстеулерінде және т.б. [2, 78-79]

Қарастырып отырылған құбылыстың тіл жүйесі дамыған барлық тілдерге қатысы бар. Ағылшын тіл жүйесінде *–eater, -fighter, -killer, -whangler, -wrestler* конституенттерімен келесі жаңа дериваттарды көруге болады: *ball-eater, bottle-fighter, beer-killer, song-wrangler, booze-wrestler* etc. Олардың бәрін алғашқы компонентке бағынышты ‘құмар, аса бас июші’ сияқты мағына басын біріктіреді. Ағылшын тіліндегі **-like** элементімен берілген бірнеше құрылымдарға этимология және семантика тұрғысынан неміс тіліндегі **-lich** жұрнағы лайық, **-worth, -way, -wise** неміс тіліндегі **-wert, -weg, -weise** жұрнақтарына ұқсас және олардың арқасында құрылған сөздердің күйі де,

аталған конституенттердің статусы да бірдей (кезінде толық мәнді сөздер болған олар қазір жұрнаққа айналу үдерісі үстінде). Екі тілде де (неміс және ағылшын) **-eater** и **-esser/fresser** конституенттерімен қандайда бір ұлттың өкілдеріне жататын үйлесімді, өткір сөздер жасалады деп есептеледі [3], *frog-eater=Froschesser* (француз), *beefeater=Fleischesser* (ағылшын) және т.б. Әрине, мұнымен **-eater** немесе **-esser/-fresser** компоненттерінің мағыналық қолданыстары шектелмейді, көптеген маман атауларын *smoke-eater, fire-eater* (өрт сөндіруші), *mud-eater* (құрлысшы, жаяу әскер), *ball-eater* (кәсіби бейсболшы), *bather-eater* (кәсіби боксшы), *hay-eater* (фермашы) и *Nudelfresser, Vielfresser/Vielfras=jmd., der unmaessig viel isst* т.б. кездестіруге болады. Сонымен қатар адамның мінез-құлқын, тәрбие ерекшеліктерін білдіретін лексемалардың қатары да біршама, мысалы: *fire-eater* (батыл, дауласуды қалайтын), *fish-eater* (ақпараттарды табуды қалайтын), *chees-eater* (сатқын, ақпаратты сатып қоятын адам), *cake-eater* (сылқым-лейбой) т.б.

Берілген компоненттердің екі жақты табиғаты, күйі оларды әр түрлі өлшемдермен сипаттауды және әр түрлі аспектілерде талқылауды керек етеді. Мысалы, қытай тіліндегі бір түбірлі келесі сөздер –*nai* (сыртында, сырттай), -*shang* (үстінде), -*xia* (астында), -*qian* (алдында, артында), -*pang* (жәнінде, қасында) т.б. сөйлем мүшесі ретінде сирек кездеседі дейді. [4]

Қазақ тіл білімінде аталмыш құбылыс мазмұндық-семантикалық тұрғыдан талдау амалы болған, себебі қазақ тілінде көптеген сөздер, мысалы, *әскербасы,*

батырбасы, дінбасы; *ақынжанды, әйелжанды*; *аяққап*; *емхана, кітапхана, баспахана, наубайхана* сияқты сөздер міндетті түрде талқылауды қажет етеді, лингвистикалық өз статусына ие болуы керек. М.Балақаев, Қ.Күдерінова «...біріккен сөздердің кейде басыңқы, кейде бағыныңқы сыңарларының мағыналары күңгірттелетін морфемалық дәрежеге бейім тұрады. Ондайлар жүре бара көптеген біріккен сөздер құраудың амалына айналады. Мысалы: **-бет** *бетпақ, бетіпезер*; **-құмар** *атаққұмар, білімқұмар, баққұмар* және т. б.» [5]. Академик Ә.Қайдар өз кітабында «... мынадай лексикалық бөлшектерге (синкритические пары) көңіл бөлдім: *толық* деген сөздегі бірінші компонент *тол* (немесе *толы*), екінші компонент **–ық** (*ықтау жақ*)» [6]. Автор бұл құбылыстың ерекшелігі сөздің бір формасы бір уақытта екі мағынаны «есімдік» пен «етістікті» атауында деп түсіндіреді, *толық* - ет жеңді (сапа процесі); *толық* - тола шелек (іс-әрекет процесі); сол сияқты: *Ұрыс* - «айқай-шу, ұрыс»; *ұрыс* - «төбелесу», «соғысу». Әрине, мұндай мысалдардың көп екеніне жүре келе көз жетті: **-ық** *қатық, жатық, балық, қанық, зарық, зорық, салық, нарық, сынық, тынық, жырық, сызық, бұзық* және т. б. Осындай екі күйдегі сөздердің пайда болуы келесі сұрақтарды тудырады: Бұл сөздер немесе тіл бөлшектері қарастыруға тұрмайды ма? Бұл бір аналогиямен жасалған сериялық құрылымдар емес пе? Мысалы «**зор**» компоненті «үлкен», «ірі», «көлемді», «көп» мағынасында сөз жасам амалы екенін білдірмей ме, салыстырамыз: *зорла, зорлық, зорығу* сөздеріндегі

алғашқы зор мағынасы тіптен жойылып кеткен.

Әрине, бұл жағдайдың бәрі қолға алынып, терең талқылануы керек. Тегінде дұрыс шешімін, нақты түйінін тапқан бұл мәселе неміс тілінде (Н. Эрбен, В.Фляйшер, Е.Телленбах, В.Мюллер, Полякова, Андрюшихина, Вельман, т.б. еңбектерінде) жан-жақты зерттелген, зерттелуде де. Неміс тілінде аталған құбылыстарды басқа тіл бөлшектерінен ыңғайлы ажырату үшін төмендегідей 3 өлшемді береді: 1) композиттің немесе біріккен сөздің компонентінің жаппай (сериялы) сөз тудыру қасиеті болуы; 2) біріккен сөздегі компоненттің мағынасы (олардың лексикалық омонимдеріне қарағанда) жалпылануы, абстрактіленуі (entkontexetisiert, delexikalisiert); 3) композиттің компоненттері арасында семантикалық өзгерістердің болуы. Осындай өлшемдерге лайық мысалдар легі шексіз және олар функционалдық-стилистикалық тұрғыдан алуан түрлі, мыс.: **Lach***fritz*, **Lach***gans*, **Lach***hans*, **Lach***marie*, **Lach***maul*, **Lach***michel*, **Lach***tasche* (бірінші компонентке көңіл бөліңіз); Немесе екінші компоненттердің көмегі де сөз қорын байытуға үлкен әсерін тигізіп, мағына жағын да кеңейтуге ықпал етеді, **-kind** (61 құрылым): *Angstkind, Wunderkind, Pflegenkind*; **-bruder** (37): *Stempelbruder, Radaubruder, Milchbruder, Bierbruder*; **-tochter** (15): *Pfarerstochter, Haustochter, Buftettochter*; -mann (289): *Schutzmann, Seemann, Ersatzmann;* **-frau** (122): *Hausfrau, Nachbarsfrau, Steuerfrau, Obstfrau*; **-onkel (**14): *Reiseonkel, Geigenonkel, Vatersonkel* және т.б. Ағылшын тілі де (жоғарыдан қараңыз) құр алақан емес, **-light**: *moonlight, limelight, searchlight, sportlight*;

-ape, -jockey - monkey: *wood – ape, cat – ape, ring – ape, truck – ape, jet – jockey, highfall – jockey, juice – jockey, taxi – jockey, jeep – jockey* және т. б. Бұл сөздердің жасалуын герман тілдерінің сөзжасам жүйесінде екі бірдей тәсіл қамтамасыз етеді, атап айтсақ, бір жағынан, біріккен сөз (композиция), екінші жағынан, туынды сөз (деривация). Атап өткендей, біріккен сөздер герман тілдерінде, соның ішінде неміс тілінде ерекше типті құрайды. Олар семантикалық мағыналық тұрғыдан көзге түсетін сөз тіркесінің эксплицитті түрін көрсетеді, салыстырамыз: Wintermantel- Mantel fuer den Winter; Winter (over) coat-Coat for winter немесе Wandbild- Bild, das man an die Wand haengt; Wall picture (is) picture, what can be put up (or hang) on the wall. Біріккен сөздерде семантикалық трансформация толық немесе жартылай, яғни, сөздің бір бөлігінде ғана болады (деривация тәртібі бойынша): Langohr (ұзын құлақ емес-Esel (есек) деген мағынаны береді; Hochschule -eine hohe Schule (биік мектеп емес) - Lehranstalt (оқу орыны). Біріккен сөздерде бірегей мазмұндық қатынастар экцплицитті көрінбеген. Біріккен сөздегі диалектиканың жоқтығы – комозитті компоненттер-дің бір-біріне бағынуын көрсетеді, мысалы: Hochhaus- haushoch. Айта кететін жәйт, барлық біріккен сөздердің компоненттері өздерінің бастапқы лексикалық (денотативті) мағынасын сақтайды, жоғалтпайды. Біріккен сөздердің компоненттерінің семантикалық өзгеруі тіл жүйесінде орын алады және үздіксіз өзгеріп, бір қалыптан екінші күйге өтіп тұруы мүмкін. Осындай өзгерістердің арқауында

тілде тек қана аралық категория/құбылыс қана емес, сонымен қатар тіл құбылысының сапалық өзгерісі, бір категориядан екінші категорияға, бір дәрежеден екінші дәрежеге өту қасиеті көрінеді. Тілге тиек етіп отырғанымыз – сөзжасам морфемалары. Олар толық мәнді сөздерден де, түбір морфемалардан да өзгеше. Грамматикалық морфемалар ешқандай жаңа сөздер құрамайды, тек грамматикалық формалар жасайды. Түбірлік морфемалар - бос, еркін морфемалар, олар бір-бірімен салаласып, құрамында белгілі бір жалпы мағынасы бар сөздер құрайды.

Қорыта айтқанда, тілде әрқашан әр түрлі динамикалық үдерістер жүріп тұрады. Бұл үдерістер парадигматикада да және синтагматикада да әр түрлі өзгерістерді тудырып тұрады. Әлде бір бірліктер тілден шығып, біреулері қайта айналып немесе бір-біріне әсер етіп тұрады. Неміс тілінде, мысалы, тек бір ғана семантикалық «туысқандық қатынасты білдіретін» топта 1700 астам лексемалар бар, яғни, тоқ етер түйін сөз де, талдау да осынша бірліктердің негізінде жасалған.

Сөзжасам жүйесіндегі тіл аралық құбылыстар мен категориялар – герман тілдерінің бірден-бір ерекшелігі, ондағы біріккен сөздер жүйесінің дамығаны. Бұл тілдегі сөз жасам жүйесінің белсенділігін, өнімділігін, ыңғайлығын айқын көрсетеді, қарапайым үлгі бойынша шексіз жаңа сөздер жасау мүмкіндігін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Е.Исабеков, Л.Е.Салжанова. Аффиксоиды как промежуточная категория в языке // Актуальные

проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. А., 2001. 1-бөлім. Б.99-104.

2. M.D.Stepanova, I.I.Cernyceva. Lexikologie der deutschen Gegenwartssprache. 4.Aufl. Moskau, «Academia», 2005, S. 74-75.

3. С.П.Палий, О.Л.Палий. Деривативы с «относительными суффиксами» как структурно-маркированные образования английского просторечия. http: www.tsu.tmn.ru/frgf/No4/text12.htm

4. В.А.Цыкин. Полусуффиксация в системе китайского словообразования. Вестник языкознания. М., 1979. №5, -Б.29, -Б. 80.

5. Қ.Күдерінова, М.Балақаев. Біріккен сөз туралы // Тілдік жүйе және құрылым. А., 1997. Б.110-114.

6. А.Хайдар. Актуальные вопросы казахского языка. А., «Ана тілі», 1998. Б.75-77.

Резюме

В предлагаемой статье осуждается проблема промежуточной категории в системе словообразования вообще, и в частности в словообразовательной системе германских языков. Семантическая природа таких образований многообразна, несмотря на это они, т.е. словообразующие компоненты не нашли полностью свою нишу и своего статуса в языке.

Resume

In given article are considered stylistic two-componental lexemes, which meet in German languages. The description of these lexemes gives difficulty problems from the theoretical and practical points, because their linguistic nature is not described completely.

Индира БЕКЕНОВА,
Жангелдин орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Жангелдин ауданы,
Аралбай ауылы.

«ЖЕТІ ҚАЗЫНА» ТАҢДАУЛЫ КУРСЫ

(*5-6-сынып)*

Аптасына: 1 сағат
Барлығы: 34 сағат

Тақырыптық жоспар

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	I бөлім. Салт. Дәстүр. Әдет. Ғұрып. /8 сағат/		
1	Халықтың тәрбиелік дәстүрлері	1	
2	Қазақ ырымдары	1	
3	Тыйым сөздер	1	
4	Ұлағатты ұлттық ұғымдар	1	
5	Жеті Жарғы (Әз Тәукенің заңдары)	1	
6	Әдет-ғұрып ишаралары	1	
7	Түс көру және оны жору	1	
8	Өзіндік жұмыс	1	
	II бөлім. Халық айтса – анық айтады /7сағат/		

9	Наурыз – Ұлыстың ұлы күні	1	
10	Халықтың уақытты анықтау белгілері	1	
11	Мысқалдан батпанға дейін	1	
12	Халық ауа райын қалай болжаған?	1	
13	Мақал-мәтел	1	
14	«Он екі түйе, он жылқы...»	1	
15	Практикалық жұмыс	1	
	III бөлім. Білімдіден шыққан сөз /6 сағат/		
16	Ұл-қызым, саған айтам...	1	
17	100 тағылым	1	
18	Бағалы киімдер	1	
19	Жеңсік тағамдар	1	
20	Ыдысын көріп асын іш	1	
21	Өз бетімен жұмыс	1	
	IV бөлім. Қарашаңырақ **(халық мәдениеті мен этнографиясы)** **/5 сағат/**		
22	Ұлттық тағамдар	1	
23	Киіз үй. Үй жиһаздары.	1	
24	Қазақ киімдерінің түрлері	1	
25	Қолөнерінің құрал-жабдықтары	1	
26	Практикалық жұмыс	1	
	V бөлім . Тарихтан тәбәрік /5 сағат/		
27	Ислам тағылымы	1	
28	Қазақта тұңғыш...	1	
29	Жоғары әскери шен алғандар	1	
30	Қазақ зиялылары	1	
31	Өзіндік жұмыс	1	
32	**VI бөлім.** Қайталау **/1 сағат/**		
33, 34	**VII бөлім.** Сынақ **/2 сағат/**		

Таңдаулы курс: «Жеті қазына»

(5-6-сынып)

Түсінік хат

Оқушыларға өз халқының мәдениеті мен этнографиясын таныту, насихаттау – басты міндетіміз. Себебі «тәрбие – тал бесіктен басталады» дейтұғын дана халқымыз қашанда дәстүрге берік болып, салтын сақтай білген.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Міне, сондықтан оның тәрбие-тәсілдері өте көп.

Сонымен қатар, оқушылар әдебиет пәніне негіздей отырып, көрген-білгенді көкейге тоқып, көп ізденудің арқасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге-тағылым, дін-діл, жөн-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тариқат-тәбәрік және де деректер мен дәйектер хақында мол мағлұмат алып, білім көкжиегін кеңейтеді деп сенемін.

Бұл бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай алынған.

5-6-сынып оқушылары өз халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен тереңірек таныса отырып, елін-жерін сүйетін ұлтжанды ұрпақ болып тәрбиеленері хақ. Құнттап қараған әр оқушы бағдарлама негізінде тілі көркем, ойы терең сөздердің жақсы үлгілерін таба алады.

Бұл курс 34 сағатқа негізделген.

Курстың мақсаты:

1. Оқушылардың бейінділік білім алуын жүзеге асыру;

2. Халық мұрасы болып табылатын рухани құндылықтар – ұлтымыздың айнымас куәсі, тарихымыздың терең тамыры болатындығын таныту;

3. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, оларға азаматтық, адамгершілік елжандылық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру;

4. Оқушыларды халқымыздың ұлттық құндылықтарын сөз өнері тұрғысынан қабылдауға қажетті білім, білік дағдыларымен қаруландыру;

5. Оқушылардың өзіндік білім алуын жүзеге асыру.

Курстың міндеттері:

1. Дара тұлғаның еркін, үйлесімді дамуын және креативті ойлау қабілетін арттыру;

2. Оқушылардың үздіксіз білім алуға деген ынтасын іс-әрекеттік тұрғыда дамыту;

3. Оқушылардың әдеби оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

4. Ұлттық құндылықтарды таныта отырып, сөйлеу шеберлігін арттыру;

5. Ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білу) дамыту;

6. Өзіндік ой-пікір айта білуге баулу;

7. Оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту.

I. МАЗМҰНДЫҚ БӨЛІМ.

Курстың мазмұны.

Республикамызға кеңінен танымал жерлес этнограф-ғалым, сатирик С.Кенжеахметовтің «Жеті

қазына» /жиған-терген/ атты кітабы халқымыздың сан ғасырлық дәстүр-салтын насихаттаған туынды. Біз қолға алып отырған таңдаулы курс осы кітап негізінде жасалды.

Халқымыздың ырым-тыйымдары, жөн-жоралғысы, тағылым-өнегесі, әдет-ғұрып ишаралары, нақыл сөздері, ұлттық тағамдары мен киімдері жайлы мағлұмат курс бағдарламасында қарастырылған. Сондай-ақ, қазақта әр саладан тұңғыш шыққан қайраткерлер жайлы да түсінік берілмек.

II. Нормативті бөлім.

«Жеті қазына» таңдаулы курс бағдарламасының мазмұны мен құрылымы:

Сабақ реті	Тараулар	Сағат саны	Оның ішінде		
			теория-лық	практи-калық	өзіндік жұмыс
I	Салт. Дәстүр. Әдет. Ғұрып.	8	7		1
II	Халық айтса – анық айтады	7	6	1	
III	Білімділіктен шыққан сөз	6	5		1
IV	Қарашаңырақ (халық мәдениеті мен этнографиясы)	5	4	1	
V	Тарихтан – тәбәрік	5	4		1
VI	Қайталау	1		1	
VII	Сынақ	2			

III.Ақпараттық-әдістемелік бөлім.

Курсты оқытуды ұйымдастырудың формалары: лекция, семинар, конференция, дебат, ойталқы, кіріктірілген сабақ, саяхат сабақ, қойылым сабақ.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі:

1. Күнбе-күн бақылау, тексеру, сұрақ-жауап, әрбір сабақтан соң тест немесе шығармашылық жұмыс.

2. Тақырыптық бақылау, тексеру: теориялық білімін, өз көзқарасын бақылау жұмыстары.

3. Қорытынды бақылау, тексеру, ой-толғау, өлеңді мәнерлеп оқу, сөз қолданысы.

4. Практикалық жұмыстар сынақ түрінде «тапсырылды» деп бағаланады.

5. Бағалау жүйесі ретингілік: 1-3 ұпай – «3», 4-6 ұпай – «4», 7-9 ұпай – «5».

Білім мен біліктілікке қойылатын талаптар:

Оқушылар білуге тиіс:

- салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды;
- өнеге-тағылым, жөн-жоралғыны;
- тағылымдық сөздердегі әдеби-эстетикалық ғибратты;
- халық мәдениеті мен этнографиясының өзіндік ерекшеліктерін.

Оқушылар дәлелдеуі тиіс:

- өз ойларын әдеби тілмен өрнектей білуі;
- әдебиет теориясы бойынша талдау жұмысын жүргізуді;
- берілген шығармашылық тақырыптар бойынша жоба жасай білуі және салыстыра отырып баға беруі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Кенжеахметов. «Жеті қазына». А., «Ана тілі» ЖШС, 2001.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» әдістемелік журналы.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары материалдары.

Бибинур КИСИКОВА,
доцент КазНПУ.

ДИСКУССИЯ КАК ФОРМА ДИАЛОГА

В функциях живой человеческой речи кроются истоки диалогичности. С помощью речи один человек не просто информирует другого. Информирование – всего лишь одна, далеко не главная функция речи. Главное в ней, как отмечает Б.Ф.Поршнев, сводится к повелению, подчинению или возражению [1с.197-198].

Известно, что в дискуссии присутствуют диалогические и монологические виды речи. Ряд исследователей Л.В.Крылова [2, с.24], М.Н.Кожина [3,с.187-214] отмечают, что существенной характеристикой диалога является его реактивность, а монолога – развернутость речи, причем границы между ними не определены. В дискуссиях, как в случаях совместной активной мыслительной деятельности, как монологические, так и диалогические формы речи оказываются коммуникативно недостаточными.

Таблица №1 – Основные различия между дискуссией и диалогом

Диалог	Дискуссия
Развитие идеи	Убеждение
Целостное восприятие	Селективный отбор
Логика	Эмоции
Победитель – победитель	Победитель – побежденные

Консенсус	Компромисс

Эти коммуникационные инструменты – диалог и дискуссия – нацелены на получение принципиально разных результатов (в одном случае – это совместное осмысление, углубление высказываемых идей, во втором – их продвижение, навязывание, критика). В первом случае доминирует логика, во втором – эмоции.

Как правило, по завершении дискуссии большинство участников остаются недовольными: их идеи оказались отвергнутыми, и торжествует лишь малая группа ***<<победителей>>***. Диалог, наоборот, нацелен на достижение консенсуса, когда каждая точка зрения должна быть услышана и совместно найдено общее оптимальное (по мнению участников) решение.

Достоинства и преимущества диалога очевидны, однако в современном ***<<реактивном>>*** мире временной фактор часто становится решающим. Это означает необходимость пожертвовать консенсусом (достижение которого потребовало бы массу времени) и довольствоваться компромиссом. Следует также иметь в виду, что эмоции могут играть и положительную роль – брошенный вызов зажигает людей, активизирует мышление и воображение, формирует мощный эмоциональный настрой.

Несколько практических советов:

1. Диалог всегда должен предшествовать дискуссии. Это позволит получить единое, более многогранное и глубокое видение проблемы, которое редко удается сформировать в одиночку.

2. Успешный диалог возможен лишь при соблюдений условий:

- Наличие доверительных и уважительных отношений между членами команды.

- Открытое, спокойное восприятие любых идей, какими бы странными они ни казались. Это не означает, что ***<<предвзятость>>*** должна быть полностью исключена, но надо постараться ***<<выключить>>*** ее на время диалога и использовать на следующем этапе – в процессе дискуссии.

На первом этапе овладения техникой диалога требуется медиатор (ведущий), который бы напоминал участникам о необходимости соблюдения принятых правил и регламента.

3. Чаще используйте ***<<мозговой штурм>>*** (идеальная комбинация диалога и дискуссии), особенно при поиске новых, неординарных решений. Сессия ***<<мозгового штурма>>*** включает две фразы:

Диалоговая (10-15 минут), когда участники свободно высказывают свои идеи относительно решения рассматриваемой проблемы (критика отрицание запрещены, все предположения фиксируются, но не дискутируются, приветствуются дополнения и развитие идеи).

Дискуссионная, когда каждая предложенная идея уточняется и подвергается оценке. В результате проводится отбор наиболее приемлемых решений.

Главное и в диалоге, и в дискуссии – это умение слушать и слышать, что именно ваши коллеги и подчиненные пытаются донести до окружающих. Это трудно, значительно труднее, чем говорить и

спорить, но намного важнее.

В своих работах О.Г.Дзюбенко выдвигает идею о том, что дискуссионная речь, которую он определяет как совокупность средств, обслуживающих сопоставление мнений на диспуте, дискуссии, совещании, полилогична [4,с.11-35].

Существуют такие понятия, как монологическая, диалогическая и полилогическая формы общения. Общение – потребность человека как социального, разумного существа, как носителя сознания. “Настоятельная потребность общения с другими людьми определялась в первую очередь совместной трудовой деятельностью, в процессе которой люди должны были понимать друг друга, устанавливать нужные для успеха дела контакты, учитывать зависимость этого успеха от возможностей каждого ее участника”[5,с.9]. Потребность общения играет важную роль в системе всех потребностей человека. В общении могут принимать участие один, два и более людей. Обычно говорит один человек, другие слушают. Если мы говорим о монологе, диалоге и полилоге, нужно принять во внимание участников общения. Если один человек говорит, а другие только слушают, то это монологическая форма речи. “Монолог – развернутое высказывание одного лица, вид речи, совсем или почти не связанной с речью собеседника ни в содержательном, ни в структурном отношении”[6,с.144]. Непосредственной реакции собеседника на то, что говорится, здесь не предполагается, он только слушает, то есть у слушателя в монологе пассивная роль. Подлинный

монолог – письменная речь, которая обращена во внешний мир без непосредственной реакции.

Если же один человек говорит и имеется обратная связь, то есть реакция на то, о чем он говорит, то перед нами диалогическая или полилогическая формы речи. “Диалог, диалогическая речь – форма устной речи, разговор двух лиц, речевое общение посредством обмена репликами”[7,с.12]. Полилог, полилогическая речь – это разговор трех и более собеседников. Их реплики, также как и в диалоге, объединены общей темой.

Некоторые ученые сводят полилогическую речь к диалогической. Между тем, имеющиеся в нашем распоряжении свидетельства полилогической речи (художественная литература, радио- и телепередачи) говорят, о том что полилогическая речь обладает целым рядом свойств, не сводящихся к диалогической.

Диалог и полилог противопоставляются монологу; но между этими формами речи существуют и взаимосвязь: в процессе диалога или полилога может наблюдаться и монолог, когда инициатива ведения беседы оказывается у одного участника. В этом случае другие участники превращаются в слушающих. Таким образом, диалог распадается на монологи, а полилог – на диалоги, то есть всякое общение идет через монологи, через индивидуальные речи составляющих данное языковое сообщество. Диалогическая и полилогическая речи остаются суммой монологов, так как речь в этих формах общения остается индивидуальной, ведь каждый человек индивидуален и неповторим.

Общение, как важная сторона человеческой деятельности, предполагает коллективность. Диалог и полилог мы можем назвать коллективными формами общения: диалог – двухстороннее общение, полилог – многостороннее общение. Но общение может быть и односторонним, монологическим.

Сравним разные формы общения. Монолог, монологическое высказывание – достаточно самостоятельная единица как с точки зрения формы, так и содержания. Монолог обладает гораздо большей степенью традиционности при выборе языковых, композиционных и других средств, имеет, как правило, более сложное синтаксическое построение по сравнению с репликами в диалоге и полилоге. Что же касается диалогических и полилогических реплик, то они не являются достаточно самостоятельными единицами как с точки зрения формы, так и содержания. Ситуативная обусловленность здесь больше, чем в монологе. Диалог и полилог как коллективные формы общения и как языковые категории представляют собой обмен высказываниями, которые порождаются одно другим в процессе разговора. Эта взаимосвязанность высказываний в диалоге и полилоге есть всегда взаимосвязанность смысловая и коммуникативная; в пределах определенной микросистемы она закреплена средствами языковых надпредложенческих связей [8,с.281].

В композиционном построении диалог и полилог не отличаются четкостью и стройностью вследствие того, что создаются совместными коммуникатив-

ными усилиями нескольких лиц, принимающих участие в общении; этот факт накладывает определенный отпечаток на характер употребления языковых средств в диалоге и полилоге. Для них характерны встречные или оккурсивные связи, в то время как для монолога – присоединительные или кумулятивные. Кроме того, диалогу и полилогу свойственно употребление специальных форм коммуникативной установки, которые обслуживают языковое общение.

Следовательно, распределяясь между двумя или несколькими коммуникантами, тема диалога резко отличается от темы монологического высказывания. Тема диалога и полилога обладает большим динамизмом, активностью, в то время как монологическое высказывание является более завершенным, закрытым в семантическом плане.

Диалог и полилог отличаются от монолога и самой сутью диалога и полилога, то есть общением нескольких людей. Диалог и полилог – это разные точки зрения, которые либо совпадают, либо нет; это активная интерпретация точки зрения другого; это ожидание ответа и его предвосхищение в собственном высказывании; это взаимодополнение точек зрения участников общения, соотнесение которых и является целью диалога и полилога.

Мы показали, что монолог как одностороннее общение противопоставляются диалогу и полилогу как формам коллективного общения. Диалог и полилог во многом сходны, но отождествлять их нельзя. Диалог – это простейшая или элементарная

форма коллективного общения; полилог – более сложная форма коллективного общения как по составу участников, так и по языковой структуре. Одной из отличительных черт монолога от диалога и полилога, как мы уже говорили, является тот факт, что в монологе – присоединительные или кумулятивные связи, в диалоге и полилоге – встречные или оккурсивные. Но, оказывается, в полилогах иногда вместо встречных связей мы можем найти присоединительные, причем удельный вес присоединительных связей в полилоге больше, чем в диалоге, особенно в полилоге – обсуждения.

Участники полилога такого типа, то есть построенного на присоединительных связях, строят монологическое высказывание друг за другом, таким образом, из реплики – это не реплики полилога, а одно высказывание, значит и одна диктема, которая высказывается в нескольких репликах, идущих друг за другом. Напомни, что диктема – элементарная тематическая (тематизирующая, топикальная) единица связной речи.

В полилогах присоединительные связи встречаются гораздо чаще, чем в диалоге. В некоторых случаях мы находим в полилогах и встречные, и присоединительные связи.

Таким образом, мы рассмотрели разные формы общения, такие, как монолог, диалог и полилог, показали их особенности, взаимосвязь и различия; выделили такое явление, как “монолог в полилоге”, то есть показали, что существуют полилоги с присоединительными связями.

Используемые литературы:

1. И.Д.Гальскова, Н.И.Гез. Теория обучения иностранному языку. Академия, 2010, 109-с.

2. С.Н.Дейцева. Ролевая игра в обучении иностранных языков /http://www.festival. /September. ru

3. Г.А.Китайгородская. Методика интенсивного обучения иностранных языков. Высшая школа, 2011, 39-41-с.

4. А.В.Конышева. Игровой метод в обучении иностранному языку. КАРО, четыре четверти, 2011, 101-с.

5. И.В.Никишина. Инновационные педагогические технологии и организации учебно-воспитательного и методического процесса в школе. Учитель, 2011, 91-с.

6. Е.И.Пассов. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному обучению, Просвещение, 2010, 280-с.

7. И.Е.Пассов. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, издание второе. 2011, 281-с.

8. О.В.Токарева. Игровая технология в обучении иностранных языков /http://www.festival. /September.ru

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.
Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕККҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.
Басуға 04.10.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 9.0.
Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 470.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**
Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.
Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru
Басылатын жері – ИП Асубаев Ш.С.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”

© «Ұлағат», №5, 2013 ж., 144 бет, Алматы.